

#ӘділеттіҚазақстан

Экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты еш өзгермейді. Оның мәні – сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың ал-ауқатын арттыру.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

● ФОРУМ ҚАРСАҢЫНДА



ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

2

● ЖОЛДАУ – 2022



ӘДІЛЕТТІ
МЕМЛЕКЕТ.
БІРТҮТАС ҰЛТ.
БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

ТАБЫСТЫ ҰЛТ БОЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ

7

● РУХАНИЯТ



РУХЫ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ ҒҰМЫРЫ ҰЗАҚ

12

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

8.09.2022

Түнде:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

9.09.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №103 (6238) 8 қыркүйек, бейсенбі, 2022 жыл.

БІР МИЛЛИАРД ДОЛЛАР ИНВЕСТИЦИЯ



Мемлекет басшысы «АрселорМиттал» компаниясы басқармасының атқарушы төрағасы Лакшми Митталды қабылдады

Кездесуде «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының Қазақстандағы қызметінің өзекті мәселелері мен алдағы уақытқа арналған жоспары талқыланды. Өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындарға әділ еңбекақы төлеу, әлеуметтік міндеттемелерді орындау және материалдық-техникалық базаны жаңғырту мәселелері әңгіменің арқауына айналды.

Мемлекет басшысы компанияның аталған талаптар мен міндеттемелерді орындауы аса маңызды екенін айтты. Сонымен қатар, Президент ішкі нарық-

тың қажеттілігін «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнының өнімдерімен өтеу мәселесіне мән берді. Бұдан бөлек, компанияның парниктік газ шығарындыларын азайту шараларына да назар аударылды.

Лакшми Миттал Қасым-Жомарт Тоқаевқа жуық арада «АрселорМиттал» компаниясы Қазақстанға 1 миллиард доллар көлемінде инвестиция құятынын, оның басым бөлігі өндірісті жаңғыртуға бағытталатынын жеткізді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІКТІҢ ОРТАҚ АЛАҢЫ

Алматының Қоғамдық кеңесі алғашқы жүз күндік жұмысының қорытындысын шығарды



Өмірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, қала мәселелері қалай шешілетіні туралы Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрайымы Алтынай Кобеева айтып берді.

8

● ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаев АӨСПК Хатшылығының атқарушы директорын қабылдады.
- Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.
- Президент «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келіметовті қабылдады.
- Мәжіліс «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң жобасын мақұлдады.
- 25 қазан ұлттық мереке – Республика күні деп белгіленеді.
- 16 желтоқсан мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні болып бекітіледі.
- Қазақстанға үздік шетелдік мамандарды тарту мақсатында визалардың жаңа түрлері енгізіледі.
- Эстонияда Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай көркемөз оқу шеберлерінің байқауы өтті.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Германияның экономикалық делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Германия арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы Германия Үкіметі мен бизнесі өкілдеріне ілтипат білдіре отырып, еліміз энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, білім, ғылым және техникалық бағыттағы кадрларды даярлау сияқты негізгі салалар бойынша серіктестікті тереңдетуге мүдделі екенін атап өтті. Қазіргі уақытта Үкімет 800 әлеуетті инвестициялық жобадан құралған жобалар пулын әзірледі. Сондай-ақ, Қазақстан Германия компанияларын елімізге тарту үшін қолайлы жағдай жасауға дайын.

– Германия – Қазақстанның Еуропа Одағындағы ең маңызды серіктесі. Қазақстанда Германия капиталының үлесі бар 600-ден астам кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр. Сауда-саттықты арттырып, инвестиция көлемін ұлғайту үшін мол әлеует бар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Президент Германияның техникалық мамандықтар бойынша кадр даярлау тәжірибесіне қызығушылық білдірді. Атап айтқанда, Қазақстан отандық мамандардың деңгейін көтеру үшін Германияның техникалық институттары өкілдіктерін, зертханаларын, ғылыми және құзырет орталықтарын ашу мүмкіндігін қарастырып жатыр.

Делегация басшысы Қазақстан мен Германияның үкіметаралық комиссиясының тең төрағасы Доминик Шнихельс екі елдің мемлекеттік органдары мен бизнес құрылымдары арасындағы іс-әрекет деңгейіне жоғары баға берді. Сондай-ақ, ол германиялық компаниялармен жұмыс істейтін Үкіметтегі арнаулы топтың тиімділігін атап өтті. Делегация өкілдері неміс бизнесі Транскаспий көлік дәлізін дамытуға, кен орындарын игеруге және энергетикалық сектордағы ынтымақтастықты нығайтуға қызығушылық білдіретінін жеткізді.

■ СЕНАТ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Жолдауда айқындаған міндеттерді іске асыру үшін Сенат белсенді жұмыс істеуге дайын деп мәлімдеді.

Жолдауда экономиканы әртараптандыру, халықтың әл-ауқатын арттыру, саяси жүйені әрі қарай реформалау бағыттары бойынша маңызды бастамалар айтылғанын атап өткен Төраға бұл істе мүдделес құрылымдармен бірлесіп әрекет етудің маңызды екеніне назар аударды. «Жолдауды іске асыру үшін сарапшылар қауымдастығымен, қоғамдық институттармен және басқа да мүдделес тараптармен бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет. Мәжіліспен және Үкіметпен бірге қажетті, сапалы заңдарды уақытылы қабылдаудың да маңызы зор. Бұлардың бәрі – Жаңа Қазақстан құруға арналған нақты қадамдар. Соған байланысты Парламентке бірқатар заңнамалық міндет жүктелді. Сенат бұл бағытта белсенді және тиімді жұмыс істеуге дайын. Бұл – біздің басты міндетіміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс Спикері Ерлан Қожановтың төрағалығымен Палата Бюросы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды. Палатаға 2022 жылғы 5 маусымда референдумда қабылданған Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды іске асыру мәселелері бойынша заң жобаларын бірінші оқылымда талқылау ұсынылады.

Олар: «Конституциялық Сот туралы», «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы», «Прокуратура туралы» конституциялық заң жобалары, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша кейбір конституциялық және заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары бар. Сондай-ақ, күн тәртібінің жобасында Мәжіліске келіп түскен кәсіби біліктілік туралы жаңа заң жобалары мен сот алқабилердің қатысуымен қарайтын санаттарын кеңейту бойынша Қылмыстық-процестік кодекске енгізілген жаңалықтар да бар.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері базасының өсуін тежеу, сондай-ақ ішкі нарықты жанар-жағармай материалдарымен және көмірмен қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Бірқатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру және бекіту бойынша жаңа тәсілдер әзірлегені хабарланды. Мәселен, қолда бар айналым қаражаты шеңберінде қантпен қамтамасыз етудің жаңа тетігін қаржыландыру жоспарлануда, ол нарықты толықтырып қана қоймай, сонымен қатар жалпы қант саласын дамытуға мүмкіндік береді. Қант зауыттары 136 мың тонна қант шикізатының үш айлық көлемін сатып алып, жыл бойы тұрақты қайта өңдеуді қамтамасыз етеді. Картоп пен сәбіз бағасын бекіту үшін Павлодар, Қарағанды, Қостанай және Жамбыл облыстарының ірі өндірушілерімен 4 млрд теңгеге дейін «айналым қаражатын» ұсыну бойынша келісімдерге қол жеткізілді. Бұл нарықты белгіленген баға бойынша көкөніс өнімдерінің қажетті көлемімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ сүт өнімдері, қарақұмық жармасы, күріш, күнбағыс майы, жұмыртқа, әлеуметтік нан, ұн, тұз, сиыр еті мен тауық етіне қатысты жаңа шаралар қабылданатын болады. Премьер-Министр жанармайдың мұнай өңдеу зауыттарынан өңірлердегі сақтау орындары мен жанармай құю станцияларына дейінгі оңтайлы логистикасын қамтамасыз етуді, егін егу және жинау науқаны кезінде жанар-жағармай тасымалдау үшін теміржол тарифтерін төмендету мәселесін қарауды, сондай-ақ бағаның негізсіз өсуіне және мұнай өнімдерінің сыртқа тасымалдануына жол бермеу үшін мұнай базалары мен ұсақ жанармай құю станцияларына бақылау жасау жөніндегі өңірлік комиссиялар құруды тапсырды. Премьер-Министр өңірлерді көмірмен қамтамасыз ету бойынша жергілікті жерлерде бөлшек сауда бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу мәселесін алдын ала пысықтауды және қатты отынды шалғай аудандарға жоспарлы түрде жеткізу бойынша шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ФОРУМ ҚАРСАҢЫНДА

ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

14-15 қыркүйекте Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі өтеді



ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа 14-15 қыркүйекте елордада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне дайындық туралы мәлімет берді.

«МӘДЕНИЕТТЕР МЕН ӨРКЕНИЕТТЕР арасында көпір қалыптастыруға ықпал етеді»

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бұған дейін отандық телеарналарға берген сұхбатында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің маңызы туралы айтып, биылғы форумның жаңа геосаяси ахуалдағы ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталған болатын.

Мәулен Әшімбаев Дін лидерлерінің съезін шақыру Қазақстанның жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты ортақ күш-жігерді біріктіруге деген ұмтылысынан туындағанын атап өтті. Сондай-ақ, ол сол кезеңде Съезд Хатшылығының басшысы ретінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев форумды өткізудің бастауында тұрғанын айтты. Сенат Спикері әлемдік қоғамдастықтың форумға деген қызығушылығының артуы оның қазақстандық сыртқы саясаттың қажеттілігі мен тиімділігін баса көрсетіп отырғанын да тілге тиек етті.

● ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алашқы съезі 2003 жылы өткізілді. Оған 17 діни ұйымның, оның ішінде әлемдік діндердің лидерлері мен өкілдері келді. Содан бері арада 20 жыл және 6 съезд өтті. Әр съезд әлемде диалог мәдениетін тарату, өзара түсіністікті арттыру, әлемдік және дәстүрлі діндерді жақындастыру, рухани көшбасшылардың адамзат дамуының өзекті проблемалары бойынша бірыңғай ұстанымды әзірлеуі тұрғысынан маңызды рөл атқарды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ МИССИЯСЫ

Сенат Төрағасы осы жылдар ішінде сыртқы сын-қатерлерге бірлесіп жауап іздеу және әлемдік діндер арасында өзара іс-қимыл үрдісі кенінен байқалып отырғанына назар аударды. Сонымен қатар, соңғы жылдары рухани көшбасшылар ымыралы шешімдер мен ынтымақтастықтың ортақ платформасын іздеудің үлгісін көрсетті. Осы ретте форум мәдениеттер мен өркениеттер арасында көпір қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл – Қазақстанның негізгі тарихи миссияларының бірі.

● ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі өркениетаралық диалогты қамтамасыз етуге және бейбітшілікті, елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға маңызды үлес қосады.

МӘРТЕБЕСІ БІРЕГЕЙ ФОРУМ

Съезд Хатшылығының басшысы алдағы форумның бірегейлігі туралы да сөз қозғады. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, VII съезд дін лидерлерінің қатысуы тұрғысынан мәртебесі жоғары болмақ. Биыл форумға съезд тарихында алғаш рет Рим Папасы Франциск қатысады. Жоғары мәртебелі меймандардың қатарында Әл-Азхардың Жоғарғы имамы Ахмед Мохаммед Ахмед ат-Тайеб, Иерусалим Патриархы Теофил III, Ашкеназдың бас раввині Давид Лау, Израильдің Бас сефард раввині Ицхак Иосиф және басқа да діни жетекшілер, сондай-ақ бірқатар халықаралық ұйымдардың өкілдері бар.

«Қазіргі таңда 100-ден астам дін лидерлері мен діни ұйымдардың басшылары өздерінің қатыстынын растады. Бұдан басқа, жетінші съезд кезінде әлемнің көптеген елдері мен әлеуметтік топтар үшін өзекті мәселелер көтеріледі. Сондықтан бұл съезден әлемдік қоғамдастық, әлемдік БАҚ үлкен үміт күтіп отыр», – деді Спикер.

Осы орайда Қазақстан СІМ ресми өкілі А.С.Смадияров мәлімдегендей, 2022 жылғы 13-14 қыркүйекте Рим Папасы Франциск Қазақстанға мемлекеттік сапармен

Дінаралық форумға 50-ден аса елден 100-ден астам делегация келмек. Аталған жиынға Рим Папасы Франциск, Әл-Азхардың Жоғарғы имамы шейх Ахмед ат-Тайеб және басқа да діндер көшбасшылары қатысады деп жоспарланып отыр. Сенат Төрағасының айтуынша, алдағы іс-шара әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының қызығушылығын тудырып отыр. 200-ден астам шетелдік және 300-ден астам қазақстандық БАҚ өкілдері аккредитациядан өткен.

Президент қазіргі жағдайда съезд өткізудің маңызы жоғары екеніне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық диалог мәдениетін ілгерілету қажеттігін және Қазақстанның осы үдеріске қатысуы маңызды екенін атап өтті. Съезд аясында Декларация қабылданбақ. Бұл қорытынды құжат форумға қатысушылардың өркениетаралық және конфессияаралық, сондай-ақ жаһандық дамудың өзекті мәселелеріне деген ұстанымын білдіреді.

келеді. Сапар аясында Понтификтің Мемлекет басшысымен кездесуі (13 қыркүйек), Қазақстан жұртшылығы мен дипломатиялық корпус алдында сөз сөйлеуі (13 қыркүйек, «Қазақстан» орталық концерт залы), Мессасы (14 қыркүйек, ЭКСПО аумағы), сонымен қатар, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезіне (14-15 қыркүйек) қатысуы жоспарлануда. Қазақстанға әлемнің түрлі елдерінен 3000-ға жуық қажылар келеді деп күтілуде. Бұл сапар Қасиетті Тақтың Қазақстанның әлемдік аренадағы, және бірінші кезекте, бейбітшілік жолындағы диалогты нығайту ісіндегі маңызды рөлін мойындағанын айғақтайды.

● ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне форум тарихында алғаш рет Рим Папасы Франциск қатысады.

ДЕКЛАРАЦИЯ – БҰҰ-НЫҢ РЕСМИ ҚҰЖАТЫ

Форумда қабылданатын қорытынды құжат – VII съезд декларациясы – съезд жұмысының нәтижесі болмақ. Онда әлемдік діндер лидерлері неғұрлым көкейтесті әлемдік проблемаларды шешудің маңыздылығы туралы өз пікірлерін білдіреді. Олардың ішінде геосаяси шиеленістер мен қақтығыстарға байланысты түйткілдер, әлеуметтік проблемалар және басқа да мәселелер бар. Декларация БҰҰ-ның ресми құжаты ретінде таратылады.

Осылайша Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі өркениетаралық диалогты қамтамасыз етуге және бейбітшілікті, елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға маңызды үлес қосады. Сондай-ақ, жалпы әлемдік проблемаларды еңсеруге жол ашады.

Форум жұмысына рухани лидерлермен бірге БҰҰ, ЕҚЫҰ, ИСЕСКО, ИБҰ, ТҮРКСОЙ, Дүниежүзілік ислам лигасы және басқа да халықаралық ұйымдардың басшылары қатысады.

Елордадағы Бейбітшілік және келісім сарайында «Әлем музыкасы» жобасы аясында «The most nationalities in an orchestra» атты концерттік іс-шара өтті. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезіне орай ұйымдастырылған іс-шарада «Ең көпұлтты оркестр» аталымы бойынша жаңа әлемдік рекорд тіркелді. Жаңа рекорд Гиннес кітабына енгізілді. Гиннес кітабына енген «ең көпұлтты оркестрдің» құрамында 75 этностың өкілдері бар. «Рекордтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі қарсаңында тіркелуі де айрықша мәнге ие. Бұл – біздің еліміз үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін, әсіресе, қазіргідей қиын-қыстау кезеңде маңызды оқиға. Жаңа жобаның түпкі мақсаты VII съездің идеологиялық бағытымен толық үйлеседі. Ол – диалог, ынтымақтастық және әлемдегі қазіргі өзекті проблемаларды бірлесіп шешу сияқты басымдықтар», – деп атап өтті Сенат Төрағасы.

Т.ДЕРЫСАЛИН.



ARTSPORT



НАҚТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

Алматыда Artsport бағдарламасы бойынша жұмыс тобының отырысы өтті.



Досбол
АТАЖАН

Жақында ата-аналар, ArtSportEdu жеткізушілер қауымдастығының мүшелері және қалалық әкімдік қызметкерлері кездесулерінің қорытындысы бойынша құрылған жұмыс тобының отырысы өтті.

Кездесуге Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Қалалық спорт басқармасының басшысы Ерден Хайруллин және жұмыс тобының мүшелерінің қатысты.

Талқылау барысында бағдарламаны қаржыландырудың проблемалық мәселелері және қолданыстағы artsport.edu.kz платформасының әкімдік анықтаған олқылықтары қаралды.

Кездесу қорытындысы бойынша келесі шешімдер қабылданды:

1) Алматы қаласының мәслихатына мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыс берушілер алдында пайда болған несиелік қарызды өтеу үшін қаржы бөлу мәселесін қарауды нақты ұсыну;

2) Қала әкімдігі анықтаған artsport.edu.kz платформасының олқылықтарын жою үшін жүйені әзірлеген SoftDeCo ЖШС директоры С.Алабугинді және/немесе оның Алматыдағы уәкілетті тұлғасын талқылауға шақыру.

Хаттамаға жұмыс тобының мына мүшелері қол қойды: О.Ю.Аринбасарова (РҚБ Artsprot.kz (жеткізушілер қауымдастығы), Г.Н.Тусибиянова (жеткізушілер қауымдастығы) және И.Ю.Никонова (Alemmedia ЖК жеткізушісі).

МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕТАЛЛУРГ ҚЫЗЫ

Зинеш Садырқызы Әбішеваның құрметіне
мемориалдық тақта ашылды



Алматыда көрнекті ғалым, металлург, инженер химик-технолог, техника ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зинеш Садырқызы Әбішеваның құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.




Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Мемориалдық тақта Медеу ауданы, Шевченко көшесі, 29/133 (Уәлиханов көшесінің қиылысы) мекенжайында Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ғимаратында орнатылды.

Іс-шараға Алматы әкімдігінің өкілі Арман Қалбеков, Техника ғылымының докторы, профессор, «Металлургия және кен байыту институты» акционерлік қоғамының бас директоры Бағдәулет Кенжалиев, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, «Металлургия

және кен байыту институты» акционерлік қоғамының бас ғылыми қызметкері Сұлтанбек Қожахметов, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Дилара Қайдарова және З.Әбішеваның туған-туыстары мен әріптес-достары қатысты.

«Ғылым жолы – қиын да қызықты жол. Сондықтан да дана халқымыз «Ғылым инемен құдық қазғандай» деген. Осынау күрделі жолды таңдап, ғылым шыңын бағындырған санаулы қазақ аруларының бірегейі – Зинеш Әбішева. Ол сирек металдар металлургиясы, металлургиялық процестердің физика-химиясы саласында іргелі зерттеулермен айналысып, елімізде



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жаратылыстану ғылымының дамуына қомақты үлес қосты. Ғылымда қол жеткізген жетістіктері мен ғылыми жаңалықтары өндіріске енгізілді. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген. Зинеш апамыздың өнегелі өмірі мен жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгілік қалары сөзсіз», – деді Алматы әкімдігінің өкілі Арман Қалбеков.

З.Әбішева 1947 жылы 23 қаңтарда Қызылорда облысының Тереңөзек ауылында дүниеге келген. 1965 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу жұқа химиялық технология институтына оқуға түсіп, 1971 жылы осы институтты «Сирек кездесетін және шашыраңқы элементтердің химиялық технологиясы» мамандығының «Инженер химик-технолог» біліктілігі бойынша тәмамдаған.

З.Әбішева ҚР БҒМ металлургия және кен байыту институтында (2008–2016 жылдары) «Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту орталығы» АҚ кіші ғылыми қызметкер (1975–1978 жылдары), аға ғылыми қызметкер (1978–1987 жылдары), зертхана меңгерушісі (1987–2010 жылдары), директорының орынбасары (1998–1999 жылдары), «Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту орталығы» АҚ президенті (2011 жылғы 8 ақпаннан 2016 жылға дейін), Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ тау-кен металлургия институтының директоры (2016 жылғы қаңтар – 2019 жылдың шілде айына дейін), 2019 жылдың тамыз айынан бастап Satbayev University зерттеуші-профессоры болып қызмет атқарған.

ЖОЛДАУ–2022

ЖОЛ САПАСЫ – МАҢЫЗДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бүгінде Алматыдағы барлық кәсіпорын мен өндіріс ошақтары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдаған кезекті Жолдауын қызу түрде талқылап жатыр. Жолдауды талқылаған үлкен жиынның бірі – Жетісу ауданында орналасқан «Асфальтбетон» ЖШС-інде өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алғашқы сөзді қалалық мәслихат депутаты Бекбол Рамазан алып, Мемлекет басшысының биылғы Жолдауының басты тетіктеріне тоқталды.

– Мемлекет басшысы 2025 жылға дейін жергілікті жолдар-

дың кем дегенде 95 пайызын жақсарту жөнінде нақты тапсырма берді. Және бұл мәселені Үкіметтің тікелей назарына алып, қадағалауын тапсырды. Әрине, бұл тұрғыда жол құрылысына қатысты заңсыздықтардың барын да жоққа шығармады. Дәл қазір қызу қолға алып, оны анықтау қажет екені де айтылды. Ендігі мәселе айтылған жайттардан нә-

тиже шығарып, жұмыстың жүйелі жүруіне ықпал ету. Біздің қаламызда да жол саласына оқытатын оқу орындары бар. Болашақ жас мамандардың жол саласына деген қызығушылығын арттыруымыз керек. Елімізде Батыс Қытай, Батыс Еуропа жолы салынды. Бұл біздің еліміз үшін өте маңызды. Өйткені, сырттан келіп жатқан тауарларды қабылдап, өз өнімімізді сыртқы нарыққа шығаруда жолдың атқарар ролі зор. Дәл қазіргі кезде елімізде жол мамандарының тапшы екені де белгілі. Жолдауда салық мәселесі, жұмысшылардың жалақысын көтеру туралы да қамтылған. Бұл Жолдау өмірімізге үлкен өзгеріс әкелері сөзсіз. Мен де жол саласына қатысты оқу орнын тәмамдағанмын. Бұл саланың жұмысының қаншалықты қиын екенін де білемін. Байқасаңыздар, сыртқы мемлекетке шықпақ түгіл, бір қаладан келесі қалаға жетудің өзі аса қиын екені де жасырын емес. Жолдауды талқылау барысында жұмысшылар кешкі оқу үрдісін жалғастырса екен деген ұсыныстарын да білдіріп жатыр. Біз бұл мәселені мәслихатта көтеріп, Мәжіліске жолдаймыз. Сәтін салса, қолдау табар деген үміттемін, – деді ол. Келесі сөз кезегін Аманат партиясы Жетісу аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Давов жалғап, Жолдаудағы басымдықтар туралы тарқатып айтып берді.

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АЛМАТЫНЫҢ СЫРЫ КӨП

Алматы – еліміздегі орны бөлек шаһар. Мыңжылдық тарихы бар, мәдени-тарихи мұраларға бай есем қаланың төрінде бүгінде Алматы тарихи музейінің жұмыс істеп тұрғаны да бекер емес. Қала күні қарсаңында осы музей көрермендеріне арнап «Түмса тарих тереңінен...» атты көрме шымылдығын ашты.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Өткенге сәл шегініс жасар болсақ, қазіргі Алматының аумағы б.з.д. XII–IX ғасырларда ерте қола дәуірінде игеріле бастаған. Қазіргі Алматы қаласының аумағынан ғалымдар ертедегі сақтар мен үйсіндер кезеңіндегі, б.з.д. VI–II ғасырлардағы көптеген мемлекеттік бірлестіктердің – сақтар мен үйсін тайпалық одақтарының тұрақтары мен қорғандарын тапты. Ал орта ғасырларда, X–XIV ғасырларда осы аумақта Алматы деп аталған Ұлы Жібек жолы бойында дамыған өркениетті қала болған. Соның дәлелі ретінде қазіргі күні ҚР ҰҚК Шекарашылар академиясы орналасқан көне қалашықтың аумағынан архео-

логтар күміс дирхемдер тапқан, олар да аталған көрмеде көрермен назарына ұсынылып отыр.

Сондай-ақ, көрмеде Алматы музейінің қорында сақталған қаламыздың аумағынан табылған үш мың жыл бұрын пайда болған шағын қоныстардан, Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қаланың әкімшілік билік, қолөнер, сауда, мәдениет және идеология орталығына айналған Алматының урбанизация үдерісін көрсететін артефактілер қойылған.

Түрлі қыш ыдыстар, үлкен шырағдан, ас көтеретін қазан, жапсырмалар мен білезіктер, ине, тескіш, біздер, ұршық бастары, жебе ұшы, таға, үзеңгі, кетпен сынықтары да қойылған көрме 12 қыркүйекке дейін жалғасады.



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАР
айналымға шығады

АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ. 150 ЖҮЛ және ТАЛҒАТ BIGELDINOV. 100 ЖҮЛ коллекциялық монеталары айналымға шығады.

Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі хабарлады. Монеталар «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясын жалғастырады. Монеталардың сатылымға түсетін күніне қатысты апарат Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми сайтында қосымша жарияланады.

АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ. 150 ЖҮЛ
коллекциялық монеталары туралы

2022 жылғы 5 қыркүйекте қазақ ағартушысы, қоғам қайраткері, ғалым, лингвист және түркітанушы Ахмет Байтұрсынұовтың туғанына 150 жыл толды.

Монетаның бет жағындағы (аверсі) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның сол және оң жағында ұлттық ою-өрнек элементтері орналасқан. Жиегінде айналында – QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN деген жазу бар. Монетаның төменгі бөлігінде номиналын білдіретін жазу бар: күмістен жасалған монетада – 500 TENGE, мельхиор қоспасынан жасалған монетада – 100 TENGE. Сол жағында монета жасалған металды және оның сыналасын білдіретін Ag 925 деген жазу, оң жағында массаны білдіретін 24 g деген жазу орналасқан.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) Ахмет Байтұрсынұовтың плакаттық графика стилінде орындалған портреттік бейнесі орналасқан. Портреттің оң жағында кітаптың стильдендірілген кескін жақтауында 150 ЖҮЛ және Ahmet Baitursynuly жазулары бар. Жоғарғы бөлігінде Қазақстан Ұлттық Банкінің логотипі мен соғылған жылы (2022) бейнеленген. Төменгі бөлігінде – қылқалам бейнесі, Ахмет Байтұрсынұовтың өмір сүрген жылдары (1872 және 1937 ж.ж.) көрсетілген, төменгі бөлігінде қылқалам бейнесінің астында Bilim áлемdi qutqarady жазуы орналасқан.

МОНЕТАЛАР

Күміс монетаның массасы – 24 грамм, диаметрі – 37 мм, дайындау сапасы – «p900», номиналы – 500 теңгелік, дайындау таралымы – 2000 дана;



Номиналы 500 теңгелік күмістен жасалған монеталардың бейнесі

МН 25 мельхиор қоспасынан жасалған монета массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – «brilliant uncirculated», номиналы – 100 теңгелік, таралымы – 20 000 дана.



Номиналы 100 теңгелік мельхиордан жасалған монеталардың бейнесі

ТАЛҒАТ BIGELDINOV. 100 ЖҮЛ
коллекциялық монеталары туралы

2022 жылғы 5 тамызда Кеңес одағының ұшқыш-шабуылшысы, авиация генерал-майоры Талғат Бигелдиновтің туғанына 100 жыл толды. Монетаның бет жағындағы (аверсі) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның сол және оң жағында ұлттық ою-өрнек элементтері орналасқан. Төменгі жағында – монетаның номиналын білдіретін 100 TENGE, жиегін айналында – QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN деген жазу берілген. Монетаның сырт жағында (реверсінде) Ұлы Отан соғысының аяқталу уақытына байланысты Талғат Бигелдиновтің портреттік бейнесі орналасқан. Портреттің сол жағында – шабуылдаушы ұшақтар мен 100 ЖҮЛ жазуы бар. Портрет бейнесінің астында Талғат Бигелдиновтің туған жылы – 1922 және монетаның соғылған жылы – 2022 сандық белгілері, сондай-ақ TALGAT BIGELDINOV жазуы орналасқан. Барлық жазу жұлдыздармен бөлінген.

МН 25 мельхиор қоспасынан тұратын коллекциялық монеталардың массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – «brilliant uncirculated», номиналы – 100 теңгелік, таралымы – 15 000 дана.

Монеталардың бейнесі



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнымен төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ барлық банкте банк шоттарына есепке

алынуға, аударуға, ұсакталуға және айырбасталуға жатады. Күмістен жасалған монеталар мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде Қазақстан Ұлттық Банкінің нөмірлік сапа сертификаты бар қадесый орамында шығарылады. Мельхиор қоспасынан жасалған монеталар жеке блистерлік орамда шығарылады. Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЛМАТЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫЛЫҚТАР

ШАҒАР ШЫРАЙЫ

Жасыл желектер жиі суарылып, көшелер күнде жуылады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала билігі үшін тазалық – күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі. Соңғы уақытта Алматыны көркейту, көгалдандыру, тазалығын қалыпта ұстау мәселесіне ерекше ден қойылып келеді.

Мегаполис аумағында көшелерді сыпырып, тазалау, жуу жұмыстары онтайлы жүргізіліп келеді. Алматының орталық көшелері мен ішкі орамдық жолдарында, аядамаларда бұл жұмыс жүйелі қолға алынған.

Алматы әкімдігінде айтып өткендей, техника ережелері бойынша жол қозғалысы кезінде қол еңбегімен тазалық жұмыстарын жүргізуге болмайды. Себебі, тыйым салынған. Осыған байланысты көше-жол желісін тазарту жұмыстары механикаландырылған тәсілмен жүзеге асырылады. Мәселен, қала көшелері арнайы техниканың көмегімен жуылады. Содан кейін жол жиегіне су ағынымен жиналған қоқыс қалдықтары жол жұмысшыларының көмегімен көліктерге тиеледі. Ал қоқыс тиеген көліктер сәйкесінше қала сыртындағы қоқыс полигондарына жеткізіледі.



Қазіргі уақытта «Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы аясында аудан әкімдіктері жыл сайын аумақтарын санитарлық күтіп ұстау бойынша ашық конкурстар өткізуді қолға алған.

Таза көше –
қала айнасы

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының абааттандыру бөлімінің басшысы Айдын Қалабаевтың айтуынша, ағымдағы жылы шаһардың тазалығына қатысты жұмыстарды 12 мердігерлік ұйым жүзеге асырады. Кәсіпорынның үлесіне қала аумағының 70%-дан астамы тиесілі. Екінші реттік көшелер, кварталішілік өтпе жолдарға 11 жеке компания қызмет көрсетеді. Күн сайын көшелерде 866 арнайы техника және 1413 жол жұмысшысы жұмыс істейді. Ал кешке қарай Алматыдан 90 тоннадан астам қоқыс шығарылады. Сондай-ақ, 1000 тоннадан астам тұрмыстық қалдықтар шығарылады. Оларды 164 қоқыс тасығыш көлік қала сыртына жеткізеді.

– Жаз айларында қала көшелерін тазалауға соқалы шетка



механизмдері бар арнайы көліктер пайдаланады. Олардың бір ерекшелігі жолдарды сыпырғанда ылғалдандыра отырып тазалайды. Яғни шаң болдырмайды. Бірақ күн суығанда жолдың жүру бөліктері мен тротуарлар жуылмайды. Яғни бұл арнайы көліктер асфальт және цемент-бетонды жабындары бар жолдарды жуу және суару үшін, сондай-ақ шаңды, балшықты және қоқысты сыпыру үшін қолданылады. Олар жасыл желектерді суару, өрттерді сөндіру және суды жеткізу үшін де қолданылуы мүмкін. Қар тазалағыш жабдықтары бар суару-жуу машинасы жылдың жазғы да, қысқы да кезінде жұмыс істеуге

бар. Ал тротуарларды тазартуға 121 трактор мен 26 әмбебап тротуар машинасы қолданылады.

Жұмысымыз
тұрғындар
бақылауында

Шаһарда жасыл желектерді суару бойынша да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қала билігі ауа райының аптап ыстығына байланысты құрғақшылықпен күресу үшін Алматының барлық аудандарында жасыл желектерді суару жұмыстарын жиілетуге шешім қабылдаған болатын. Қажет болған жағдайда кейбір аумақтар күнде суарылады. Тапсырмаға сәйкес, бүгінде мегаполисте жасыл желектерді суаратын машиналардың саны көбейіп, суару жиілігі артқан. Тек бір түннің өзінде жұмысшылар Алматының барлық саябақтары мен гүлзарларын суару үшін 60-тан астам рейс жасайды.

Мәселен, тазалық жұмыстарына қатысты мердігер ұйымдардың бірінде жұмыс істейтін Мықтыбек Әзімбаев күн сайын ондаған қалалық саябақтар мен скверлерді аралайды. Оның басты міндеті – өсімдіктерді уақытында және қажетті мөлшерде суаруды ұйымдастыру.

– Жұмыстың жеңілі бар ма? Бізде аптап ыстық күндері жұмыс көбейеді. Күн сайын мен Абай даңғылы бойындағы саябақтарды аралаймын. Көбінесе Ганди саябағына келемін. Иә, біздің жұмысымызды бақылайтын «қырағы көз» көп. Әсіресе, алматылықтар бұл бағытта белсенді. Гүлдерді, ағаш көшеттерін, жалпы, жасыл желекті қалай суарамыз, барлығын бақылап, қызығушылық танытып отырады. Кейде, осы жұмыстарымыз үшін қала тұрғындарынан алғыс алып жатамыз, – дейді М.Әзімбаев.

Жұмысшылар көше-жол желісін жуу үшін суды Үлкен және Кіші Алматы өзендерінен, техникалық суы бар үш ұңғымадан және Рысқұлов – Жансүгіров даңғылындағы көлік айрығынан дренажды су соратын сорғы арқылы алады.

Айта кеткен жөн, жалпы Алматыда ауа температурасы жоғары болған кезде жасыл желектерді суару жұмыстары күшейтіледі. Мұндайда сәйкесінше суару машиналарының саны мен бір ағашқа жұмсалатын су көлемі де арта түседі. Жасыл кеңістікті суару процесінде мамандар механикалық немесе автоматтандырылған әдістерді қолданады. Алматының арық желілері де жасыл желектерді суаруда көмекші болып табылады. Олар Кіші және Үлкен Алматы, Жарбұлақ, Тастыбұлақтың суларымен толып тұр. Қазір бұл жұмыстарға 1500 шақырымнан астам арық желілері тартылған. Олар қаланың 60-тан астам көшесіне орнатылған.



ҚАУІП ҚАЙДАН?

ҚОСТАНАЙ, БІЗ БІРГЕМІЗ!

Апат айтып келмейтініне тағы бір көз жеткіздік. Өткен демалыс күндері Қостанай облысындағы орманнан өрт шығып, аз уақытта 40 мың гектардан астам жасыл алқап қызыл жалынға оранды. Жылдамдығы секундына 20 метрге дейін жететін желдің салдарынан тілсіз жау тез таралып, орман алқабын отқа орады. Елдімекендер мен тұрғындарға қауіп төнді. Жергілікті атқарушы органдар мен төтенше жағдай қызметкерлері тарапынан қолға алынған жедел іс-шаралардың нәтижесінде алғашқы күні-ақ өрт қаупі төнген елдімекендерден 1800-ден астам адам эвакуацияланды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Қайырымдылық ісіңнен көрінеді»

Қостанай жері бірнеше күн қатарынан тілсіз оттың құшағында қалғанда, бүкіл Қазақстан халқы түнде де көз ілмей, алыста отырып қостанайлықтармен бірге қиналды десек, қателеспеспіз. Ықпалым заманнан бері қиын-қыстау кезеңдерде бір тілім нанды бөліп жеп келе жатқан, басына күн туған шақта ешкімді сыртқа теппеген халықтың ұрпағы екенімізді тағы бір дәлелдедік.

«Қайырымдылық ісіңнен көрінеді» дейді қазақ. Еліміздің түкпір-түкпірінен еріктілер жасақталып, азық-түлік, киім-кешектер, дәрі-дәрмектер, тіпті ақшалай да көмек жинап, жедел жөнелтіп жатты. Бүгінде алапат өрт ауыздықталса да, ел әлі де есін, етек-жеңін жинай алмай жатыр. Сондықтан қостанайлықтарға әлі де көмегіміз ауадай қажет. Ел басына күн туған кезде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та мемлекеттік маңызды жұмыстарын ысырып қойып, оқиға орнына барып, отқа оранған аумақты тікұшақпен аралап, жағдайды көзбен көрді, зардап шеккен азаматтармен кездесті, халқына тірек болды. Шұғыл жиын өткізіп, алапат өртті ауыздықтау, зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету жолдарын талқылап, тиісті сала мамандарына нақты тапсырмалар беріп, атқамінерлерге мақсатты міндеттер жүктеті. Кішкентай балалардың да Президенттің келгеніне қуанып, оның алып құшағына енгенін де БАҚ беттерінен көріп толқидық. Мейірім, қайырым бар жерде біз қандай қиындықты да жеңеміз!

Өрт болған елдімекен тұрғындарымен кездескен Президент зардап шегушілерге Үкімет екі ай ішінде бұрынғыдан да жақсы үйлер салып беретінін айтты. Үйлері өртеніп кеткен қостанайлықтардың банктегі несиелері жабылады. Президент Үкімет пен Қостанай облысының әкімдігіне зардап шеккен тұрғындарға шұғыл түрде өтемақы төлеу мәселесін қамтамасыз етуді жүктеті.

Еріктілер ерледі

Алғашқы күннен бастап қостанайлықтарға қолдұшын беруге бүкіл ел жұмылып, гуманитарлық көмек ұйымдастырылды. Ел азаматтарының бәрі өз аманатын Алапат партиясының гуманитарлық бекеттеріне табыстап, 807 тонна көмек жиналды.

Әулікөл аумағында бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінен келген 300-ден астам волонтер жұмыс істеп жатыр. Алапат партиясының «Жастар рухы» жастар қанаты жасақтаған сол волонтерлік топтар Қостанай облысында орман өртінен зардап шеккен және эвакуацияланған тұрғындарға әлі де көмек көрсетуде. Волонтерлер гуманитарлық көмекті қоймаларға жайғастырып, азық-түлік пен қажетті заттарды шетінен тұрғындардың үйлеріне жеткізіп беруде. Сонымен қатар, жастар қалпына келтіру жұмыстарына, өрттен кейінгі үйінділерді тазалауға жұмылдырылған. Өрттен зардап шекпеген, бірақ қолдауды қажет ететін көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға да азық-түлік таратылуда.

«Ұлттық волонтерлік желі» бірлестігі және Біргеміз волонтерлер фронт-офисінің мүшелері де Қостанай жерінен табыла білді. Олар Қостанай қаласының өзінде волонтерлердің көмегімен гуманитарлық көмекті қабылдайтын 18 бекетті іске қосқан. Ол жерден өрттен зардап шеккен елдімекендерге қажетті заттар жөнелтіліп жатыр. Осы орайда жергілікті тұрғындар, әсіресе, жүрегін қолына ұстап жүтіріп жүрген мейірімді жастарға ризашылықтарын білдіруде.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»

Өртке қарсы күреске Қарулы күштердің құрамалары мен бөлімдері де жұмылдырылды. Елордадан әскери-көлік авиациясымен 120-дан астам десантшы, сондай-ақ халықты эвакуациялауға көмек көрсететін жергілікті аумақтық қорғаныс бригадасының тұрақты құрамының 45 әскери қызметшісі жетті. Арнайы техникалар, материалдық құралдар, әскери-көлік авиациясы мен арнайы аспадағы өрт сөндіру жүйелері бар 4 көліктік-жауынгерлік тікұшақ берілді. Жалпы, өртті сөндіруге 224 техника мен 7 әуе кемесі тартылды. Өңірдегі жағдай тұрақтанғанша, 3 мыңнан астам оқушы қашықтан білім алуға көшті.

Зардап шеккен қостанайлықтарға көмек беру үшін бірыңғай қоғамдық қор құрылды. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры да алапат өрттен келген залал көлемі анықталған соң жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, тиісті



шараларды қабылдайтынын мәлімдеді. Одан бөлек, қарапайым тұрғындар тарапынан көрсетіліп жатқан көмек көп. Баспанасыз қалып, уақытша эвакуацияланған тұрғындарға еліміздің түкпір-түкпірінен гуманитарлық көмек жолданып жатыр. Жеке кәсіпкерлер мен компаниялар қаржы аударып, бірнеше мемлекеттік орган қызметкерлері бір күндік еңбек-ақысын бағыттау шешімін қабылдады. Олардың қатарында Парламент депутаттары да, жекеменшік компаниялар да бар.

• **Еліміздің алып мегаполисі – Алматы да қайырымдылық іс-шарасынан шет қалған жоқ. Шаһарда «DEPO EVOLUTION PARK» жастар орталығында 8 аудан әкімдігінің күшімен және Алапат партиясының «Жастар рухы» коворкинг орталығында 10 гуманитарлық көмек жинау пункті ұйымдастырылды. Нәтижесінде Қостанай облысына алматылықтардан 120 тоннадан астам гуманитарлық көмек жөнелтілді.**

• **Біздің «Almaty aqshamy» мен «Вечерный Almaty» газеттерінің басын біріктіріп отырған «Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы да бірауыздан шешім қабылдап, бір күндік жалақыларын Қостанай жұртына көмек қорына аударды.**

Жомарт болу – өзіңде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу. Иә, қайырымдылық жасауға көп күштің қажеті жоқ, мейірімді жүрегіңіз болса жеткілікті, сосын сол бір жүрекке мың сан жүректі қоссақ, қандай қиындықты да жеңіп шығарымыз анық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«КӨКТӨБЕДЕГІ» ӨРТ СӨНДІРІЛДІ

6 қыркүйекте, 18 сағат 58 минутта Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің табиғи өрттерді жоюға арналған құрама тобына Медеу ауданы, Жәнібеков көшесіндегі үйдің жанында (78) құрғақ шөптің жануы туралы хабарлама келіп түскен. Келген сәтте тау беткейінің 3 гектарындай аумағын өрт шарпығаны анықталды. Қаланың өзара әрекеттесу қызметінің күштері мен құралдары дереу күшейтіліп, жұмылдырылды. Қабылданған жедел шаралардың нәтижесінде 20.35-те өрт толық сөндірілді. Зардап шеккендер жоқ.

Оқиға орнындағы өртті сөндіруге 19 бірлік өрт сөндіру техникасы және суару техникасы мен 130 адам жұмылдырылған.

МАМАН КЕҢЕСІ

Жеңіс МҰХАМЕДИУЛЫ,
Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи
паркінің бұрынғы орман инженері, ардагер:

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Естеріңізде болса, осыдан бес жыл бұрын дәл осы мезгілде Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Медеу шатқалында республикадағы ірі өрт оқиғасы тіркелді. Сирек кездесетін өсімдіктер мен ағаштарды, қарағайлар мен жасыл желекті бір сәтте күлге айналдырған алапат өрт 21 гектардан аса жерді шарпып, биік таулы аймақта мыңдаған адамдардың күндіз-түні тілсіз жаумен алысуы арқылы зорға өшірілгені белгілі.

Сараптап тексере келгенімізде, аталған апаттың салдары туристердің қауіпсіздік ережелерін сақтамағандықтан туындағаны анықталды. Яғни табиғатта демалуға келгенде от жағып, оны өшірмей тастап кету әрекетінен болғаны мәлім болды. Мамандардың есептеуінше, мемлекетке неше миллиондаған шығын келді. Оның алдында да Үлкен Алматы орманылығына қарайтын Қасқабас шатқалында болған өрт күзде басталып, өшіпей, жерасты өртіне айналып, қыстай жанып, көктемде тағы да адамдар күшімен әрең дегенде өшірілді. Өртпен арпалысып жүрген кейбір адамдар дене жарақатын алуға дейін барады. Қазір Іле Алатауы ұлттық паркі Ақсай, Медеу, Талғар, Түрген орманылығы болып кең өңірді қамтиды. Ол Қаскелең өзенінің аңғарынан Түрген өзенінің аңғарына дейін 120 шақырымнан аса ұзындыққа созылады. Парктің жалпы ауданы 200 мыңға жуық гектарды құрайды. Парк аумағы Алматыға, Талғар, Қаскелең қалаларына жақын орналасқандықтан ол қала тұрғындары мен қонақтарына сүйікті демалыс орны болып табылады. Іле Алатауы тауының сай-салалары, шатқалдары, табиғи әдемілігі мен шетелдік туристерді де қатты қызықтырады. Олардың келіп, сайлар мен шатқалдарға апталап жатып, таза ауада демалып, рашаттанып сайраңдап жүргендеріне күнделікті куәміз.

Міне, осынышама кең алқапты жеті бақылап қарап жүруге онда істеп жүрген орманышарлар мен қызметші мамандардың нақты мүмкіндіктері жете бермейді. Демалуға келген кейбір адамдар орманышарлардың өрт қауіпсіздігіне, табиғаттың тұрмыстық қоғастардан таза болуы жөніндегі ескертпе-өтініштеріне жөндө құлақ аса бермейді.

Сондықтан құрметті азаматтар, табиғатқа деген көзқарасымызды өте жанашырлықпен қарап, оның ішінде орманды өрттен сақтауға қырағылық көрсетейік. Табиғатты сақтау дегеніміз, өз елінің және бүкіл адамзаттың өркендеуін қамтамасыз ету. «Аман болса табиғат, аман болар адамзат» деп бекер айтылмаған. Осы ізгі тілек арқайсымыздың ойымызда, жүрегіміздің түбінде болса екен. Бүгінгі жағдайда қыркүйек, қазан айлары ормандағы өрт қаупіне, қашан орманға ылғал жапқаныша қатаң бақылауды талап етеді. Сондықтан осы кезде парктің бас директорынан бастап филиал директорлары орманышарлармен қоян-қолтық бірлесіп, жеті бақылап, ат үстінде болуы керек. Сонда ғана табиғатымызда орман-тоғайымызды аман сақтап қаламыз деп есептеймін. Өсте сақтықта қорлық жоқ, «сақтансаң, сақтайды» дейді.



ҮКІМЕТ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОСПАР

жобасы мақұлданды



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспардың жобасы мақұлданды.

Үкімет басшысы Жолдауды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасында Мемлекет басшысы айқындаған міндеттердің барлығы қамтылғанын атап өтті. Ол халықпен бизнестің өзекті проблемаларын шешуге бағытталған.

Жоспар бағаны реттеу, салықтық және кедендік әкімшілендіру, бюджет процестерін жеңілдету, кәсіпкерлікті қолдау, автомобиль жолдарын салу, заң үстемдігі мен сот төрелігін қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті күшейту сияқты салаларды қозғайды. «Жоспардың маңызды бөлігі

әлеуметтік даму, денсаулық сақтау және білім беру бойынша кешенді әрі жүйелі шараларды қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы оны іске асыру экономиканы сапалы дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді», – деді Әлихан Смайылов.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров мәлімдегендей, Жалпыұлттық жоспар жобасы келесі бағыттар бойынша 109 іс-шараны орындауды қарастырады: жаңа экономикалық саясат, нақты секторды дамыту, ел болашағына стратегиялық инвести-

циялар, мемлекеттік басқаруды қайта жүктеу, заң және тәртіп.

Мәселен, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске қосу және жалпы медициналық инфрақұрылымды кешенді жақсарту бойынша шаралар әзірлеу жоспарланып отыр. Жаңа «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін 800 мың оқушыға арналған мектептер салынады.

Бұдан басқа, әйелдердің зейнеткерлік жасын 2028 жылға дейін жоғарылатуға (61 жасты белгілей отырып) мораторий енгізу және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша төлемдер беру ұзақтығын 1,5 жасқа дейін ұлғайту жөніндегі заңнамалық түзетулер қабылданып болады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске қосылады деп күтіледі, оның аясында балалардың арнайы жинақтаушы шоттарына Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінің 50%-ын бағыттау жоспарланып отыр. Бұл қаражатты 18 жасқа толғанда тұрғын үй сатып алуға және білім алуға пайдалануға болады.

Талқылау қорытындысы бойынша Үкімет ұсынылған құжат жобасын мақұлдады. Премьер-Министр барлық мемлекеттік органдар мен әкімдіктерге Жалпыұлттық жоспарды орындауға шұғыл кірісуді тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АССАМБЛЕЯ



ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҮМІТ ЗОР

Қалалық Достық үйінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылау және жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктері мен қоғамдық құрылымдарының жиыны өтті.



Досбол АТАЖАН

Алматы қаласының Достық үйінде Мемлекет басшының «Әділ мемлекет. Біріккен ұлт. Өркендеген қоғам» атты Жолдауы Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдерімен талқыланды.

Отырысқа ҚХА хатшылығы, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ өкілдері, этномәдени бірлестіктердің басшылары мен мүшелері, ҚХА қоғамдық құрылымдары өкілдері (аналар кеңесі, «Ассамблея жастары» ҚБ, журна-

листер клубы, ФСТ, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары) қатысты.

Шара барысында Ассамблея өкілдері Мемлекет басшысы көрсеткен бағыт-бағдарды барынша қолдайтындарын әрі жаңа өзгерістерге барынша қуанышты екендерін хабарлады. Отырыс қорытындысы бойынша Алматыдағы Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері Мемлекет басшысының бастамаларын қолдауға және ҚХА этномәдени бірлестіктері мен қоғамдық құрылымдарының мүшелері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге дайын екендіктерін жеткізді.

«АМАНАТ»

ЖАРҚЫН ӨМІР КЕПІЛІ

Аманат партиясының Бостандық аудандық филиалы Саяси кеңесінің мүшелері және аудандағы белсенді партия мүшелері ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын талқылап, оны іске асыруға атсалысу жолдары туралы пікір алмасты.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Нұржамал ӘЛШЕВА

Аманат партиясы Бостандық аудандық филиалының атқарушы хатшысы Баймұрат Жамбылов Мемлекет басшысының бұл Жолдауы үлкен 5 бағдардан тұратынын атап өтті. Олар «Жаңа экономикалық саясат», «Нақты секторды дамыту», «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция», «Мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту» және «Заң және тәртіп».

– Елімізде денсаулық саласында кейінгі жылдары біраз реформа жүргізілді. Дегенмен, әлі де маз емес. Әрине, барлық мәселе бір күнде шешіле қалмайды. Президент медицина саласына қаржыландыру жеткілікті бөлінбейтіндігі қалыпты жағдайға айналып келгенін тілге тиек етіп, соның кесірінен жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, оларға медициналық қызмет толық көрсетілмей отырғанын атап өтті. Сақтандыру моделі тұрақсыз әрі жүйесіз дамуда, бұл үлкен олқылық. Ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізетін уақыттың әлдеқашан жеткенін айта келе, Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін

қайта қарауды тапсырды. Алдағы жылдан бастап, ең алдымен ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырғаны, оңтайландыру кезеңінде ауылдардағы жүздеген жабылып қалған медициналық мекемелер қалпына келтірілетіні көңіл қуантарлық жайт. Дәл қазір 650 елді мекенде емдеу мекемесі жоқ екен. Енді алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етілетін болады. Соның арқасында мемлекет 1 миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына жағдай жасайды, – деді Баймұрат Жамбылов.

Жиында сөз алған Алматы қалалық мәслихатының депутаты Бақытбек Жұмабаев, Алматы Энергетика және байланыс университетінің ректоры Сауле Сағынтаева, қалалық психикалық денсаулық орталығының директоры Сапар Рахманшев, «Алтын Орда» бастауыш партия ұйымының төрағасы Қайрат Есембаев та Жолдауда айтылған мақсат-міндеттерге тоқталып, онда нақты көрсетілген тапсырмалардың Қазақстан халқының игілігі, жақсы тұрмыс кешуі, бауатты өмір сүруі үшін жасалып отырған тың қамдамдар екенін атап өтті.

АКАДЕМИЯ



Суретті түсірген Қайрат КОНЫСБАЕВ.

ҚОЛДАУ БІЛДІРЕМІЗ!

Логистика және көлік академиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауын талқылауға арналған жиын өтті.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алқалы жиынның шымалдығын аталмыш жоғары оқу орнының президент-ректоры Салтанат Әмірғалиева оқытушылар мен студенттерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаумен ашты.

Кездесуде Алматы қалалық мәслихатының депутаты Бақытбек Жұмабаев, Қазақстан Республикасы аудиторлар палатасының төрағасы, Аманат партиясы Алматы қалалық филиалының тексеру комиссиясының төрағасы Сапар Көшкінбаев, «Логистика және көліктегі менеджмент» кафедрасының профессоры, техника ғылымының докторы Жұмажан Жаңбыров сөз сөйледі.

– Мемлекет басшысының Жолдауында қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған көп мәселелер қарастырылған. Халқымыздың, еліміздің игілігін көздейтін, жастарға қолдау білдіре отырып, олардың болашаққа деген қадамдарын нықтай түсетін жақсы ұсыныстар мен ойлар айтылды. Әлбетте, мұның барлығы кезең-кезеңімен жүзеге асатыны анық. Сондықтан бұл жолғы Жолдаудың мәні де, маңызы да ерекше, – деген мәслихат депутаты Бақытбек Жұмабаев өзінің жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі еңбек жолын құрылыс компаниясында қара-

пайым жұмысшы ретінде бастағанын тілге тиек етіп, ешқандай жетістіктің оңайлықпен келмейтінін айтты. Жастарды білім алудан, ізденуден, үйренуден ешқашан жалықтауға шақырды.

Кездесуде оқу орнының профессор-оқытушылар құрамының мүшелері Жолдаудағы айтылған Мемлекет басшысының ұсынысын толық қолдайтындарын жеткізді. Студент-жастардың атынан сөйлеген академияның 4-курс студенті Әсел Маратқызы Мемлекет басшысының жастардың болашағына өте жақсы жағдай жасап жатқанына тоқталды. «Бүгінде елімізде жастардың білім алуына, жұмысқа орналасуына қатысты түйткілді мәселелер көп. Сондықтан Мемлекет басшысының жастарға қолдау ретінде білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие беру, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты аманатын қуана қабылдадық. Біз Президенттің Жолдауындағы әрбір мәселеге жіті көңіл бөліп, шамамыз келгенше өзімізге қатысты мәселелерде қолдау білдіреміз», – деді.

Жиында елімізді одан әрі дамыту мен халық өмірін жақсартудың маңызды қадамдары айқындалғанын айтып, осыған байланысты елімізде атқарылып жатқан тың және нақты шараларға қолдау білдірді.



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

табысты ұлт болудың маңызды шарты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы оның бұрынғы Жолдауларынан бірінші кезекте өзінің әлеуметтік бағытымен ерекшеленеді. Жолдау ҚР Конституциясының 1-бабының 1-тармағын іске асыруға бағытталған, онда Қазақстан Республикасы демократиялық, құқықтық және зайырлылықпен қатар **әлеуметтік мемлекет** ретінде бекітіледі. Сондықтан да Мемлекет басшысы онда мемлекет пен оның органдары үшін Адам бірінші орында тұруы және оның әл-ауқатының деңгейін арттыруы тиіс екенін атап өтеді, бұл елде жүргізіліп жатқан барлық реформалардың басты мақсаты. Ұлттық табысты әділ бөлу қажеттілігі бүгін Мемлекет басшысы жариялаған Жолдауда өзекті жағдай болып табылады.

БОЛАШАҚҚА СЕНІММЕН
ҚАДАМ БАСАМЫЗ

Азаматтардың әл-ауқатының деңгейі экономиканың жемісті дамуына тікелей байланысты екенін жақсы түсіне отырып, Президент шешілуі экономикалық өсуге, демек, елдің барлық азаматтарының әл-ауқатының деңгейін арттыруға ықпал ететін бірқатар мәселелер мен міндеттерді белгіледі.

Айталық, Мемлекет басшысы салықтық бақылауды цифрландыруды қамтитын жаңа Салық кодексін қабылдау арқылы салық салу жүйесін қайта қарау қажеттігін негіздеді. Бұл ретте Мемлекет басшысы ұсынған қымбат жылжымайтын мүлік пен автомобильдерге дифференциалды салық салу жүйесі маңызды орын алуы тиіс, осыған сәйкес бай азаматтардың сатып алу әрекетіне, сән-салтанатқа жоғары салық салынатын болады. Мұны енгізу мемлекет бюджетін айтарлықтай толықтыруға ықпал етеді және нәтижесінде мемлекет алынған қаражатты елдің әлеуметтік дамуына бағыттауға қосымша мүмкіндік алады.

Сыбайлас жемқорлықпен заңсыз тапқан қаржыны тәркілеу – әлеуметтік саланы дамытудың бір көзі болмақ. Президент тұжырымдағандай, «Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалуға тиіс. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек». Демек, бұл қаржы, Мемлекет басшысының нұсқауы бойынша, қазіргі кезде тапшылығы әсіресе ауылдық жерлерде өткір сезілетін

заманауи мектептердің құрылысына ғана бағытталатын болады.

Мемлекет басшысының Жолдауында уақытылы көтерілген және әділ атап өтілген тағы бір мәселе – табысты ұлт болудың маңызды шарты – білім беру сапасы. Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам баспақ. Біздің күшіміз – жастардың білімінде! Президент осы арқылы елдің басты игілігі – оның бай табиғи ресурстары (мұнай, газ, алтын, уран және т.б.) емес, нақты айтқанда ұлттың зияткерлік әлеуеті болып табылатынын атап көрсетеді. Сондықтан 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық қорды құру және іске қосу туралы шешім революциялық, прогрессивті және халық көптен күткен шешім болды, ол балаларға 18 жасқа толғанға дейін инвестициялық табыстың 50%-ын аударды. Бұл мемлекеттің болашақ өскелең ұрпаққа деген ең басты әлеуметтік камқорлығы.

ӘДІЛЕТТІЛІК ҚАҒИДАТЫ
ҚАЛЫПТАСАДЫ

Бұдан әрі Мемлекет басшысы жақында өткен конституциялық реформа барша қазақстандықтарды алаңдатып отырған және деструктивті күштер өздерінің саяси мүдделері үшін пайдаланып отырған жер мәселесіне нүкте қойғанын атап өтті.

Ел басшысы белгілеген мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру, өкілеттіктерді Үкіметтен салалық министрліктерге беру және тиісінше олардың әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды іске асыру үшін



жауапкершілігін арттыру, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамыту туралы мәселелер аса маңызды болып табылады, олар сол арқылы мемлекетке көмектесе отырып, жергілікті жерлерде көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге тиіс.

Жолдауда сот рөлін арттыру мен әкімшілік әділет саласының одан әрі дамуы да көрініс тапты, онда Мемлекет басшысы судьялардың тәуелсіздігіне және олардың қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілігін арттыру қажеттігіне назар аударды, бұл, сөзсіз, азаматтардың әділеттілікке деген сенімін нығайтуға және қоғамдағы құқықтық нигилизмді жеңуге, әділеттілік қағидатын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл ретте Президент мемлекет пен оның органдарының сот төрелігін іске асыруға қатысуын барынша азайтуды талап етеді. Сарапшылар мен азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, сот жүйесін одан әрі реформалау қажеттігі де айтылды.

Саяси плюрализмді одан әрі дамыту қажеттігіне тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев саяси жүйенің барлық субъектілерінің саяси қызметі тек заң шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс екенін атап өтті. Саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ азаматтардың қызметінің заңдылығы – мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Мемлекет басшысы Жолдауда азаматтық қоғам мен заң қауымдастығы үшін де маңызды мәселелерді қозғады. Атап айтқанда, аса ауыр қылмыс жасаған адамдарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салу, жеке адамға қарсы бірқатар қылмыстар үшін жазаны қатандату (мысалы, кісі өлтіру, ауыр дене жарақатын салу және т.б.), қантар оқиғалары кезінде маңызы аз қылмыстар жасаған адамдарға рақымшылық жасау, ҚР Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне тексеру жүргізу қажеттілігі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІ
ІСКЕ АСЫРУҒА
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Құқықтанушы ғалым ретінде маған Мемлекет басшысының қолданыстағы заңдарды үнемі өзгертуге жол бермеу туралы ұстанымы ұнайды. Шынында да, заңдарға жиі өзгертулер мен толықтырулар енгізу әрқашан олардағы нормаларды іске асырудың тиімділігіне ықпал ете бермейді. Заң ерекше тәртіппен қабылданған, халықтың еркі көрінетін ең жоғары заңды күшке ие нормативтік құқықтық акт ретінде ұзақ мерзімді болашаққа, ал ондағы нормалар бірнеше реттік, тұрақты және ұзақ мерзімді қолдануға арналған.

Сондай-ақ, ҚР Президентінің елімізде мемлекеттік институттарды қайта жүктеудің құрамдас бөлігі ретінде бір мәртелік президенттікті енгізу туралы шешімі өте маңызды, саяси негізделген және заңдық тұрғыдан тексерілген болып табылады. Бір мәртелік президенттік бағыт демократиялық және құқықтық қатынастарда дамып отырған кейбір елдерде бар. Қазақстанда президенттіктің бір мәртелік жеті жылдық мерзімі қоғамды одан әрі демократияландыру процесіне ықпал ететін болады, билікті басып алу мүмкіндігі үшін нақты құқықтық кедергі болады. Бұдан басқа, жеті жылдық мерзім (қолданыстағы бес жылдық мерзіммен салыстырғанда) ҚР Президенті лауазымында болу уақытын ұлғайтып қана қоймай, жаңадан сайланған Мемлекет басшысына толық көлемде, оның ішінде белгіленген ұзақ мерзімді стратегиялық міндеттерді іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл Әділетті Қазақстанды құру жолының нақты және нық қадамы болмақ.

Е.ДҮЙСЕНОВ,
заң ғылымының докторы,
профессор.

Мақсат ХАЛЫҚ, экономист:

САЛЫҚ САЛУ ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мәселелерге баса назар аударып отыр.

Президентіміз реформалардың нақты бағдарларына жеке-жеке тоқталып, көптің көңіліне қонатын мәселелерге ерекше мән беріпті. Бұл жерде, әрине, маңызды дүниелер қымбатшылықпен күреске байланысты екені анық. Сондықтан Жолдауда мемлекет монополиялық компаниялармен күресу керек екені туралы, тарифтерді монополиялық компаниялар үшін бекіту керектігі туралы нақты-нақты ұсыныстар айтылды. Жалпы, нарықтағы бағаға мемлекет араласпауы керек. Себебі, нарықтағы баға, ол сұраныс пен ұсыныстың нәтижесінде реттелетін дүние.

Мемлекет басшысы одан бөлек экономиканың тұрақты өсуі салық саясатының түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуіне тікелей байланысты екеніне тоқталып, елге әкелінген автокөліктерге қатысты ахуалды реттеу қажеттігін айтты.

Яғни көліктерді заңдастыру мақсатында утильалымды және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200–250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынды. Бұл елімізде алдағы уақытта салықтық үлкен өзгерістер болатынын көрсетсе керек. Соның ішінде байлық салығының енгізілуі де тосын жаңалық болып отыр.

Менің ойымша, бұл ең негізгі дұрыс шешімдердің бірі. Мемлекет енді заңды түрде Робин Гудтың қызметін атқаратын болады. Еліміздегі бай азаматтардан көп салық алынып, ол салық әлеуметтік осал топтардың әл-ауқатын жақсартуға жұмылдырылады деп айтуға негіз бар.

Жолдауда шағын және орта кәсіпкерлерге қатысты мәселелер де назардан тыс қалған жоқ. Президент өз сөзінде соңғы жылдарда біздің банктеріміздің шағын және орта бизнеске көп көңіл бөлейтіндігін, осы саланы еселеңдіру өте қатты төмендеп кеткендігін тілге тиек етті. Сондай-ақ, өңірлерде салықтардың қалу керектігі айтылды. Бұл шеткі аймақтарда белгілі дәрежеде қаржы жинақтап, өз өмірін дамытуға мүмкіндік береді.

Жолдаудағы экономикалық бағыттағы мәселенің бірі – халықтың әл-ауқатын арттыруға негізделген бала капиталын құру мәселесі. Өз басым, осы функцияның іске қосылуын өте жақсы жаңалық деп қабылдадым. Мемлекет басшысы Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынды. Мұның механизмі алдағы уақытта тағы да айтыла жатар. Бірақ менің өзімнің есептеуімше, қазіргі таңда Ұлттық қорда 52,5 млрд доллар бар. Шын мәнінде елімізде қазіргі уақыттағы инвестициялық табыстылық сын көтеріңдідей жағдайда емес. Дейтұрғанмен, алдағы уақытта бұл

бағытта 10%-дық кіріске қол жеткізуге болады. Міне, бізге осы жолда жүйелі жұмыс жасау керек деп есептеймін. Ал 52,5 млрд доллардың 10%-ы ол шамамен 5 млрд доллардан асып жығылатын қаражат. Егер 5 млрд доллардың 50%-ы балаларға үлестіріліп берілетін болса, ол 2,5 млрд долларды 6 млн 100 мың балаға бөлуге тура келеді. Бұл сомаға қарайтын болсақ, әр жылда әр балаға шамамен 400 доллардан тиеді. Яғни теңгеге шаққанда бұл шамамен 200 мың теңгеге жуық қаражат. Ал бұл болашақ үшін ең жақсы инвестициялық бастама. Егер алдағы уақытта Ұлттық қордың түсімдері көбейіп, оның инвестициялық кірістілігі артатын болса, сол жолда білікті мамандар жұмыс жасайтын болса, онда біз өзіміздің ұрпағымызға балаларымыздың болашағына қажет болатын алғашқы қаражатты жинауға қадам бастық деп айтуға болады. Ал бұл негізінен Ұлттық қордың халықтың әл-ауқатын хәм келешек ұрпағымыздың өмірін жақсартуға бағытталған ең бір дұрыс шешімдердің бірі деп есептеймін. Егер расында да алдағы уақытта инвестицияның кірістілігі ұлғая беретін болса, онда 18 жылда балалар өзінің біліміне қажетті, әлемдік дәрежедегі жоғары оқу орындарында оқимын десе де, денсаулығын жақсартамын десе де, баспана алуға жұмсаймын десе де, белгілі бір қаражатын жинап, өзін-өзі қамтамасыз етуге жұмсайды деп есептеймін.

Ендігі меже – Мемлекет басшысының Жолдауда айтқан ұсыныстарына көп болып қолдау білдіру. Яғни Үкімет, мемлекеттік органдармен қатар, барша халық болып әркім өзіне тиесілі бағыттағы істерді сапалы орындау. Өйткені, «келісіп пішкен тон келте болмайды», барлығымыз «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» көп болып жұмыла іс атқарсақ, жаңа Қазақстанды жаңаша құратынымыз сөзсіз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, мемлекетіміздің болашағы жарқын болсын!



Алмат ҚОДАСБАЕВ,
Алматы кардиология орталығының
басшысы, кардиохирург:

ҰЛТ САУЛЫҒЫ – ЖАРҚЫН
БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауына қатысты өз ойым, халық арасында көп айтылып, бірақ Үкімет тарапынан бұған дейін шешімін таппай жүрген өзекті мәселелердің түйіні шешілетін сәт туды. Мемлекет басшысы елдің үміті саналы да білімді болашақта екеніне ерекше мән беріп, бала тәрбиесіне жауапты жандарға бет бұрды. Ұлттық қор үлесінен 18 жасқа толған Қазақстан азаматтарына қаражат үлестіру – олардың өз Отанына деген сенімді күшейтетіні анық. Медицина саласында да көп елеулі өзгерістер бастамасына жол ашылды. Ауылды жерлерде дәрігерлік амбулаторлық пункттерден бастап университеттік клиникалардың салынуы – медициналық көмектің қолжетімді әрі сапалы болуына мүмкіндік туғызады.

«Бүгінде еліміздегі 650 елдімекенде емдеу мекемесі жоқ. Алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Осылайша мемлекет бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасайды», – деді Президент. Ұлт саулығы – елдің жарқын болашағының кепілі. Жолдауда көтерілген мәселелер көп ұзамай жүзеге асатынына сенемін.



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІКТІҢ ОРТАҚ АЛАҢЫ

Алматының Қоғамдық кеңесі алғашқы жүз күндік жұмысының қорытындысын шығарды

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Соңы. Басы 1-бетте

Алтынай Көбееваның айтуынша, кеңеске белсенді азаматтық ұстанымы бар адамдар, белгілі бір мәселелерді шешуде көзқарасы өте маңызды қоғамдық пікір көшбасшылары кіреді. «Билік жүзеге асыратын азаматтық қоғам өкілдерінің ұсыныстарының саны артты. Бүгінде қоғамдық кеңестердің қызметін ақпараттық қамту деңгейі мен сапасы жақсарды», – деді Алтынай Көбеева.

Алматы қаласының Қоғамдық кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңындағы талаптарға, жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады, азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ете отырып, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті проблемалары бойынша шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысады.

Биылғы Қоғамдық кеңестің құрамына 39 адам кірді, бұл үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдері – 20 (51,3%), білім беру – 5 (10,2%), мемлекеттік органдар – 3 (7,7%), денсаулық сақтау – 1 (2,6%), мәдениет және спорт – 3 (7,7%), бизнес-құрылымдары – 7 (20,5%).

«ІІІ шақырылымдағы Қоғамдық кеңестің қызметі бүгінде азаматтарды толғандыратын мәселелерді шешу бойынша үлкен жұмыс жүргізілгенін көрсетеді, онда Қоғамдық кеңес билік пен азаматтық қоғам арасындағы байланыстырушы буын ретінде әрекет етіп, сол арқылы жұртшылық пен биліктің тиімді диалогын құрады», – деді А.Көбеева.

МОНИТОРИНГ

Жатақхана мәселесі шешілуі тиіс

Рая
ЕСКЕНДІР

Жыл сайын жаңа оқу жылы басталысымен жатақханаға қатысты мәселелер туындап жатады. Еліміздегі ең үлкен қала болғандықтан әрі жоғары оқу орындарының дені осында шоғырланғандықтан, бұл мәселе тұрақты заңдылыққа айналған сияқты. Биылғы жылы студенттер санының тым көп артуына байланысты жатақхана тапшылығы айқын сезілуде.

Осыған орай, құрамында Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының, Жастарды қолдау мемлекеттік қорының, қалалық мәслихат депутаттарының, мегаполистің Қоғамдық кеңесі өкілдері енген 50 адамнан тұратын мониторингтік топ қаламыздағы барлық 36 жоғары оқу орны мен 95 жатақхананы аралап, оның дәл қазіргі жай-күйімен танысып шықты. Мониторинг тобының басты мақсаты – оқу ордасының күнгей тұсын тізіп шығу емес, қазіргі қиын жағдайдан бірлесе шығып, студенттерді орын мәселесімен қамту. Сондықтан мониторингтік топ өкілдері кезекті тексеру қорытындысы бойынша жоғары оқу орындарының көпшілігі қала әкімдігінің ұсынымдарын назарға алып, кемшіліктердің көпшілігінің түзелгенін атап өтті.

Осынау күрделі кезеңде Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасы шаһарымыздағы жоғары оқу орындарына қонақүйлер мен хостелдерден 7213 орын табуға көмектесіп отыр. Міне, «бірлесе пішкен тон келте болмас» демекші, тексерулер текке кетіп жатқан жоқ сияқты.

Жалпы, Алматыны жастар қаласы, «студенттік өмірдің орталығы» деп текке атамаса керек. Дәл қазір қаламызда 36 жоғары оқу орны орналасқан, онда бүгінгі таңда 182 мыңнан астам студент оқып жатыр. Бұл ретте биылғы жылы Алматыға басқа өңірлерден 120 мыңнан астам жас оқуға келді. Бұл дегеніңіз, өткен жылмен салыстырғанда студенттер саны 8 мыңға көп деген сөз. Ал сол басқа өңірден келген студенттерді орналастыруға ЖОО-ларда жалпы қоры 31 мың төсек-орын болатын 95 жатақхана ғана бар. Қазіргі мәлімет бойынша жатақханалардағы тапшылық 32 мың төсек-орынды құрайды.

Осы ретте Жастар саясаты басқармасы жоғары оқу орындарында студенттерді қоныстандырудың қосымша мүмкіндіктерін іздестіру бойынша жұмысты жандандыру қажеттігі жөнінде бірнеше рет хабардар еткен еді. Мәселен, оқу жылы басталмас бұрын шілде мен тамыз айлары аралығында басқарма өкілдері 336 қонақүймен, хостелмен және жеке жатақханаларға студенттерге жеңілдетілген бағамен орын бөлу үшін келіссөздер жүргізді. Барлық серіктестердің байланыстары жоғары оқу орындарына келіссөздер жүргізу үшін ұсынылды. Бүгінгі күні қонақүйлерге, хостелдерге және жеке жатақханаларға қаладан тыс жерлерден келген 7213 студент қоныстанып үлгерді.

Сонымен қатар, аталмыш басқарма өкілдері ағымдағы жылдың 11–16 тамыз аралығында мәслихат депутаттарымен, Қоғамдық кеңес мүшелерімен, ҰЕҰ және БАҚ өкілдерімен бірлесіп, жаңа оқу жылына дайындық мәселесін тексеру мақсатында қала жатақханаларына мониторинг ұйымдастырды. Мониторинг нәтижелері бойынша кейбір ЖОО-ларға кездескен кемшіліктерді жою үшін ескертулер жасалған еді.

Ағымдағы жылдың 27 тамызында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекпен бірлесіп оңтүстік астананың жоғары оқу орындарының ректорларымен оқу орындарын жаңа оқу жылына дайындау жөнінде кеңес өткізіп, онда оқу мен студенттердің өмір қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету, жаңа жатақханалар салу мәселелері жан-жақты талқыланды. Жоғары оқу орындарына жүргізілген мониторинг нәтижелері, сондай-ақ қонақүйлер мен жекеменшік жатақхана

Қоғамдық кеңестің бюджет жобасын, оның орындалуы туралы есепті, стратегиялық даму жоспарларын, азаматтардың құқығы мен бостандығын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді талқылаудан бастап, өкілеттіктердің үлкен тобы бар екенін ескере отырып, нақты және пәндік қызметті қамтамасыз ету үшін бес комиссия құрылды, олардың әрқайсысының көтерер өз жүгі бар.

Қоғамдық кеңес мониторинг, тыңдау, сараптама, мемлекеттік органдардың есепті кезеңдегі есептерін тыңдау аясында 25 отырыс өткізді, онда 62 мәселе қаралды. Құқықтық актілерге 17 қоғамдық мониторинг және 30 қоғамдық сараптама жүргізілді. Жалпы, 100 күндік жұмыс кезеңінде ОҚ сұранысы бойынша қалалық басқармалармен атқарылған жұмыстар мен бюджет қаражатының игерілуі туралы 14 есеп берілді, жеке және 77 заңды тұлғалардан 58 өтініш, 80 сұраныс жіберілді, соның ішінде әртүрлі органдарға ұсыныстар да бар.

Алтынай Көбееваның айтуынша, жиындарда ауқымды мәселелер де, локальді сипаттағы мәселелер де талқыланды. «Атқарушы органдар қабылдайтын нормативтік-құқықтық актілерге жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері өз қорытындылары мен ұсынымдарын осындай актілер қала тұрғындарының негізгі бөлігінің мүдделеріне қайшы келмеуін, ал қалалық қызметтер ұсынатын және қалың жұртшылықтың сұраныстары арасындағы консенсусты табуды ескере отырып дайындады», – деп атап өтті спикер.

Аса өткір проблемалық сұрақтар қоғамдық мониторингпен қамтылды. Олар: көше-жол желісін дамыту, қоғамдық көлік жұмысы, тұрғын үй құрылысы, медициналық қызмет көрсету, балалар мен жасөспірімдер үшін спорт секцияларының қолжетімділігі, тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылықтағы реформалар, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мәселелері, көліктік қызмет көрсету мәселелері және нөсер кәрізі желілерінің жай-күйі, есепке алу жағдайы, сақталуы және тиімді болуы қаланың коммуналдық меншігін пайдалану, жасыл желектердің жай-күйі мен оларды күтіп-ұстау және басқалар.

Есептік кезеңде Қоғамдық кеңестің көшпелі отырыстары ұйымдастырылып, өткізілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында қоғамдық кеңестер апталығын ұйымдастыру және өткізу тұжырымдамасы аясында Алматыда мониторингтік топтың жұмыс кездесулері өтуде. «Біз қаланың сегіз ауданында 5 диалог алаңын өткіздік. Негізгі мәселелер – ШОБ бағдарламаларын іске асыру шарттарын ұйымдастыру, жетілдіру, қаладағы қоқыстарды шығару, қоймалау мен шығаруды бақылау, МИБ және ПТ құру үшін тұрғын үй қатынастарының жаңа жағдайларының проблемаларын талдау және халықтың әлеуметтік осал топтарын мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімділігін анықтау мониторингі», – деді А.Көбеева.

Сонымен қатар, қалалық деңгейде әлеуметтік қызмет көрсету және мемлекеттік басқару саласындағы цифрландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Мәжілісі мен мәслихат депутаттарымен жұмыс кездесуі өтті. Сондай-ақ Алматы қаласы бойынша Медициналық-әлеуметтік-сараптама комиссияларының қызметін ұйымдастыру және мониторинг жүргізу жөніндегі мониторингтік топтың отырысы өтті. Осы іс-шаралардың қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес Алматы қаласының әкімдігіне және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А.Смайыловқа ұсыныстар жолдады.



өкілдерімен жасалған өзара іс-қимыл туралы есептер тыңдалды. Кеңес қорытындысы барысында шаһар басшысы бейінді құрылымдарға жоғары оқу орындарына қажетті жатақхана салуға барынша көмек көрсетуді, ал Жастар саясаты басқармасына 5 қыркүйектен кейін депутаттарды, қоғамдық ұйым өкілдері мен БАҚ-ты тарта отырып, жатақханаларға қайта мониторинг жүргізуді тапсырған еді. Осы топтың басшысы Жастар саясатын дамыт мемлекеттік қорының директоры Әзиз Каженбек аталмыш тексеру жұмысына қатысты былай дейді:

– Осымен екінші мәрте арнаулы топпен қаладағы студенттер жатақханасын аралауға шығып отырмыз. Алғаш рет шыққанымызда 95 жатақхананың 20-сында әлі де олқылықтардың бар екені белгілі болған еді. Ең басты кемшілік өрттің алдын алу қарастырылмаған. Содан кейін жатақханаларда әлі күнге дейін күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталмай жатқаны, бір бөлмеде бірнеше студенттің орналасуы талапқа сай келмеген еді. Мәселен, былтырғы жылы Алматыда оқу үшін 112 мың жас келсе, ал биыл олардың саны 120 мыңға жетіп отыр. Қаламыздағы 95 жатақхананың осы студенттердің 30 мыңын ғана жатақханамен қамтуға мүмкіндігі бар.

Жақында БАҚ беттерінде «Алматыда студенттер далада түнеп жүр екен» деген ақпараттың шыққаны белгілі. Біз іле-шала еріктілермен бірге бүкіл саябақтар мен автобекеттерді сүзіп шықтық. Далада түнеп жатқан студенттерді кездестірмедік. Қазіргі мақсатымыз – бірде-бір студенттің далада қалмауы үшін тығырықтан шығу жағын қарастырып жатырмыз.

Сонымен қатар, ағымдағы жылғы 4 қыркүйекте, яғни жексенбі күні БАҚ беттерінде Алматы қаласының ЖОО-ның жатақханалардан орын алмаған студенттері вокзалдар мен метрода түнеп жүргені туралы ақпарат тарайды. Бұл ақпараттан соң басқарма өкілдері мұқтаж студенттерге орын беруге келіскен 2 қонақүйдің қолдауына ие болды. Іле-шала еріктілермен бірге вокзалдар мен саябақтарға тексеру жасап, көмекке мұқтаж студенттерді іздеу үшін 4-інен 5-іне және 5-інен 6 қыркүйекке қараған түні қаланы аралауға шықты. Көшеде түнеп жүрген студенттер кездескен жоқ.

Жақында ғана ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті халыққа Жолдауында жаңа жатақханалар салу бойынша жүйелі шаралар қабылдауды тапсырды. Өз кезегінде Алматы қаласының әкімшілігі де жергілікті жоғары оқу орындарына осы объектілердің құрылысы бойынша көмек көрсету тетіктерін әзірлеуде, сәтін салса, қаланың 2025 жылға дейінгі Даму жоспарының жобасында жоғары оқу орындарына 12 мың төсек-орынға, ал 2030 жылға дейін тағы 20 мың орынға арналған жатақханалар салуға көмек көрсету жоспарланып отыр.

ЖОЛДАУ–2022

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында білім беру жүйесіне айрықша тоқталды. Бұл саланың ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқаратыны туралы айта келе, еліміздегі кез келген жастың білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы қажет екенін қадап айтты.

Мамандықтың бәрі бір, қалағанын таңдай біл!

Елімізде жыл артқан сайын орта кәсіптік білімге деген сұраныс та арта түсуде. Биылғы жылы колледждерге құжат тапсырған түлектердің 125 мыңы грант иегері атанып, тегін оқуға мүмкіндік алды. Осылайша биылғы грант иегерлерінің саны рекордтық көрсеткішке жетіп, былтырмен салыстырғанда 45 мыңға артып отыр.

Биыл колледжде барлығы 183 мыңнан астам адам оқуға түсті. Жыл артқан сайын студенттердің таңдауы да өзгеріп, көпшілігі инженерия, білім беру, құрылыс, туризм, қонақүй бизнесі және басқа салаларды таңдады. Сонымен қатар, биылғы жылы тегін оқуға түскісі келетіндерге арналған квоталар тізімі де кеңей түскені байқалады. Мәселен, көпбалалы отбасы балалары үшін 5% квота, толық емес отбасы балалары үшін 1% (осы мәртебе үш жылдан кем емес болуы керек), ерекше білім қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасы балалары үшін 1% квота қосылды. Ұпайлар тең болған жағдайда квота санаты мен аттестаттың орташа бағасы есепке алынады.

Жалпы, еліміздің колледждерінде білім алуға берілетін грант саны жыл сайын артып келеді. Ел Президентінің тапсырмасы аясында 2025 жылға дейін мемлекеттік тапсырыстың 70%-ы техникалық мамандықтарға берілетін болды. Мысалы, биылдың өзінде 52 мыңнан астам студент оқуға түсу кезінде инженерия, өңдеуші және құрылыс саласы сияқты мамандықтарды таңдаса, биыл 8 мыңға жуық студент алғаш рет жұмысқа орналасу міндеттемесі бар кәсіпорындардың өтініші бойынша мақсатты оқыту аясында грант алды. Осылайша мақсатты мемлекеттік тапсырыс колледждерге еңбек нарығының сұранысы бойынша кадр дайындауға мүмкіндік береді. Бұл дегеніңіз, жастардың оқуды аяқтаған соң бірден жұмысқа орналасуының кепілі.

Биылғы жылдың тағы бір ерекшелігі – талапкерлер құжат тапсыру кезінде төрт мамандыққа дейін және төрт колледжде дейін таңдау мүмкіндігіне ие болды. 2021 жылы білім берудің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында министрлік «ақша студенттің сонынан ереді» қағидаты бойынша мемлекеттік тапсырыстарды бөлудің жаңа тетігін енгізді. Яғни бұрын грантты білім бөлімдері бөлетін болса, енді мемлекеттік тапсырыс талапкерлердің таңдауына қарай беріледі. Нақтырақ айтқанда, бюджет ақшасы түлек қайда барғысы келсе, сол жакқа бағытталады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ҚАМҚОРЛЫҚ

Ана мен баланың, жалпы барлық азаматтардың әлеуметтік жағдайы әрдайым мемлекет назарында. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Жолдауында да осы мәселеге арнайы тоқталып өткенін білеміз. Мәселен, аналарды әлеуметтік тұрғыдан қолдау мақсатында жаңа туған нәрестелердің жөрекепұлы сәбидің 1,5 жасына дейін төленеді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бала туғанда берілетін жәрдемақы өтініш берген күннен бастап тағайындалады. Екі және одан да көп бала туған кезде бала туғанда берілетін жәрдемақы әр балаға тағайындалады және төленеді. Бірінші, екінші, үшінші баланы туғанда берілетін жәрдемақы – мемлекет бюджеті тарапынан бала туғанда берілетін бір реттік жәрдемақы. Биылғы бірінші, екінші және үшінші баланы туғанда берілетін жәрдемақы көлемі 120 840 теңгені құрады, ал төртінші және одан да көп бала туғанда 200 340 теңге беріледі. Ал анасы жұмыс істемейтін болса, бала туғаннан кейін мемлекет тарапынан бала 1 жасқа толғанға дейін төленетін жәрдемақы бар. Ол бір жыл бойы ай сайын беріледі. Оның мөлшері бала туу санына қарай бекітілген.

Жәрдемақының көлемі: 1-ші балаға – 18 317 теңге; 2-ші балаға – 21 656 теңге; 3-ші балаға – 24 963 теңге; 4 және одан көп балаға 28 302 теңгеге дейін жетеді.

Асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алған балалары бар отбасыларға бала күтімі жөніндегі жәрдемақы бала асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы шешім қабылданған күннен бастап тағайындалады.

Сондай-ақ, тағы бір жәрдемақы – ол «Алтын алқа» иесіне жетінші сәбиі бір

АНА мен БАЛА

Бүгінгі күні көпбалалы отбасыларға қандай жәрдемақылар төленеді?




жасқа толған кезде және алты баласы тірі болған жағдайда беріледі. Алты баласы бар аналарға «Күміс алқа» беріледі. Жалпы, «Батыр ана» атағын алған, I және II

дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған, Алтын және Күміс алқа иегерлеріне ай сайын 20 352 теңге көлемінде жәрдемақы төленеді.

– Көпбалалы отбасыларға төленетін арнайы жәрдемақы да бар. Оны тағайындау кезінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалар бірге тұру фактісіне қарамастан отбасының құрамында есепке алынады. Көпбалалы анаға берілетін жәрдемақыны төлеу ағымдағы ай үшін және барлық растайтын құжаттар болған кезде өтініш жасаған күннен бастап осы жәрдемақы тағайындалған жағдайлар сақталған кезеңге жүргізіледі. Аталған жәрдемақы төрт және одан да көп кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасыға арналған, – дейді Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы Ақбаян Назарбаева.

Екі және одан да көп мүгедек баласы бар отбасыға да мемлекет тарапынан жәрдемақы төленеді. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы өтініш жасалған күннен бастап баланың мүгедектігінің барлық кезеңіне тағайындалады. Сонымен қатар, көпбалалы ана зейнеткерлікке басқа аналарға қарағанда ертерек шығады, оларға жеңілдіктер қарастырылған. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңына сәйкес, 5 және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар. Барлық әлеуметтік төлем жыл сайын инфляция деңгейінде белгіленіп отырады.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



Баласы бастауыш сыныпта оқитын ата-аналардың қазір жұмысы қауырт. Жаппай дәптер, кітап қаптап, үйдегі әр баланың дәптерінің сыртын толтыру да үлкен жұмыс.

«ТЕТРАДЬ» қашан қазақшаланады?

Тоқсаныншы жылдары мектеп оқушыларының кітабының сыртын апаларымыз, әкелеріміз газетпен, дастарханның қиындыларымен, матамен қаптап беретін. Әйтеуір қалай қапталса да, кітап ескірмесе болғаны. Ал қазір ақшаң болса, базарда не жоқ? Кітапқаптың түрі-түрі, дәптердің небір тыстары, оқу құралдарының неше атасы бар. Тек әр пәнге арналған кітаптардың көлемі әртүрлі, кейбіреуі тіпті тым үлкен. Кітаптар да кітапқаптардың саудасын қыздыру үшін нарықтың заңдылығына қарай басыла ма деп қаласың...

Әлеуметтік желіде көпбалалы отбасыларға кітапты қаптаудың тиімді тәсілдерімен бөлісіп жатқан лайфхактарды да көзіміз шалып қалды. Бірнеше баласы мектепке баратын ана кітаптарды біркелкі етіп қаптау үшін дастархан сататын жерден немесе құрылыс заттарын сататын нүктелерден метрлеп сатылатын түссіз клеенкаларды сатып алып, балаларының кітабын қаптап берген видео-сымен бөлісіпті.

Пайдаға жарайтын кеңес екен. Жылда дәптерлердің сыртын қаптағанда осы бізде неге сырты қазақша жазылған дәптерлер жоқ деп ойлап қоямын. Бұрын өзіміз де осындай дәптерлерге жазатын едік. 30 жылда еліміздегі білім жүйесі сан өзгерсе де, әлі күнге дейін балаларымыз сыртында «тетрадь», «для» («ученика»), «...класс», «школы» деген жазуы бар дәптерлерді пайдаланады. Осы дәптерлердің бағасының өзі ұшып тұр. Былтыр 15–20 теңге болған дәптерлер биыл кемі 45–80 теңге. Оқу құралдарын сататын кейбір нүктелерден сыртында «Дәптер», «Тетрадь» деп екі тілде жазылған жазуы барларын да кездестіруге болады. Бірақ мұндай түрлері өте аз.

Қазір 6-сыныпта оқитын қызым дәптерлің сыртын ақ парақпен қаптап толтырып жүр. Мектептегі мұғалімінің талабы солай көрінеді. Сонда ең болмағанда қарапайым дәптердің сырты қашан қазақшаланады?

А.НҰРСАБЕТ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Қазақстан халқының нақты саны қанша?



Ұлттық статистика бюросы халық санағы қорытындысын жариялады. 2009 жылғы халық санағынан бері ел халқы 20%-ға немесе 3,2 млн адамға өсіпті. Қазақстан халқының саны 2022 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 19 644 067 адамды құрады.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Өңделген мәліметтерге сәйкес, 2021 жылғы санаққа 19 186 015 адам қатысқан. Санақ қорытындысы бойынша қала тұрғындарының үлесі 61,2%-ға дейін өсті, алдыңғы санақ мәліметтерімен салыстырғанда, 5%-ға өсім болған. Тиісінше, ауыл халқының үлесі 43,9%-дан 38,8%-ға дейін азайды. Қала тұрғындарының басым бөлігі Қарағанды облысында тұрады. Тұрғындардың 80%-ы, яғни 1 млн-нан астам адам. Керісінше, қалалықтар саны ең аз аймақ – Түркістан облысы. Мұнда барлығы 498 мың адам немесе облыс тұр-

ғындарының 24,3%-ы қалалық жерде тұрады.

«Урбанизация – экономиканың индустрияландырылуы мен жұмыс күшінің өнімді салаларға ауысуына байланысты болатын әлемдік процесс. Әдетте, азаматтар ауылдан қалаға білім алу, мамандығы бойынша жұмыс істеу және алуқатын жақсарту үшін көшеді. Соңғы екі санақ аралығындағы кезеңде қала халқының ең көп өсімі еліміздің бөңірінде байқалды – Ақмола, Ақтөбе, БҚО, ШҚО, СҚО, Қызылорда облыстарында. Ал елорда халқы екі есе өсті», – дейді ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының басшысы Жан-дос Шаймарданов.

Қазақстандағы әйелдер саны бұрынғыдай ерлер санынан басым. Санақ қорытындысы бойынша олардың саны жарты миллионға (536,3 мың адамға) артық болды. Егер пайызбен айтар болсақ, ерлер үлесі – 48,6% (9 324 840 адам), әйелдер үлесі – 51,4% (9 861 175 адам) құрады. Осылайша Қазақстандағы 100 әйелге 99 ер адамнан келеді.

Санақ 10 жылда бір рет жүргізіледі және белгілі бір кезеңдегі халықтың түрлі әлеуметтік-экономикалық параметрлерін көрсетеді. Жиналған деректер ұсынылған ақпараттың толықтығы (көші-кон, табыс, жұмыспен қамту, неке жағдайы, туу, тілдерді меңгеру дәрежесі, дінге қатынасы) мен респонденттердің қамтылуын көздейді.



ТҰЛҒАТАНУ

Қазақстанда Таэквондо спортының негізін қалаған Қазақстан құрамасы әлемдік аренада таэквондодан ауыз толтырып айтарлықтай ірі жеңістерге жетіп жүр. Түркияда өткен Исламиада кезінде де таэквондошыларымыз құр келген жоқ. Бүгінгі күні мұндай жетістіктерге жетуімізге ҚР таэквондо (WTF) федерациясының негізін қалаған Мұстафа Өзтүрік ағамыздың жол ашып бергені сөзсіз.

«Өзіміздің Өзтүрік»

Талай жарыстан өзі де, шәкірттері де топ жарып, Қазақстанда таэквондо мектебін қалыптастырған Мұстафа Өзтүрік 1954 жылы 23 қараша күні Түркияның Қайсері шаһарының маңындағы Мұсаходжалы ауылында дүниеге келген.

Даңқты спортшының айтуынша, ата-бабаларының түп тамыры Шығыс Қазақстаннан бастау алады:

«Ата-бабамыз Шығыс Қазақстаннан екен. Аталарым Өлкенбай, Төлебай деген кісілер болған. Олар ел басқарған, би болған азаматтар. Өкемнің аты – Кәбен. Халық әкемді қажы Кәбен деп таниды. Ол балуан болыпты», – дейді спортшы «Барып қайт, балам ауылға» деректі фильмінде.

Қазақстан жерінде кеңес билігінің солақай саясаты басталған кезде Мұстафа Өзтүріктің әкесі Кәбен Шығыс Қазақстаннан көш бастап, Қытайдың Баркөл деген жеріне орналасады. Бірер уақыт өткен соң ол жерден



де көшуге бекінеді. Ақыры Алтай, Гималай тауларын асып, алып Такламакан шөлдерінен өтіп, Үндістан мен Пәкістан арқылы Түркияға жеткен.

Қазақ жерінің күш-қайратын бойына сіңірген Кәбен өз өнерімен Түркия халқын да тамсандырған. Белдескенде жауырыны

МҰСТАФА МЕКТЕБІ

Әлемге аты мәшһүр тұлға жайлы бір үзік сыр



елдегі халықаралық қатынастар университетінің Журналистика факультетіне оқуға түседі. 1975–1980 жылдары халықаралық журналист мамандығы бойынша білім алады. Ол осы елде жүріп өзінің өмірлік жолына айналған таэквондо өнерімен танысады. Жас Мұстафаға корейлік жаттықтырушы Хон Сан Нэн тәлім беріп, таэквондоның қыр-сырын үйретеді. Кейінірек қазақ спортшысы ұстазына алғыс білдіріп, Германияда ашқан мектебіне оның атын береді.

Елім деген нағыз ер

Біраз тәжірибе жинаған соң даңқты спортшының өзі де ұстаздарының мектебінде сабақ береді. 1977 жылға қарай таэквондодан 4 дан иегері болады. Сондай-ақ, М.Өзтүрік халықаралық жарыстарға да белсене қатысып, таэквондодан 6 дүркін әлем чемпионы атанады. Ол алдағы жылдары Германияның Кельн, Мюнхен және Түркияның Ыстамбұл қаласында таэквондо мектептерін ашады. Сонымен қатар, Германияда арнайы қарулы күштер мен полицейлерді жауынгерлік өнерге баулиды. Ал 1980 жылы 6 дан иеленген алғашқы қазақ таэквондошысы Түркия құрамасын жаттықтырып, сол командамен әлем чемпионатында сенсациялық екінші орынға ие болады.

Әлемді өз шеберлігімен мойындатып жүрген қазақ жігіті уақыт өте туған еліне де танылады. Сөйтіп, 1990 жылдың көктем айында сол кездегі комсомол хатшысы Иманғали Тасмағамбетовтың шақыруымен Мұстафа Өзтүрік елге оралады.

«Ұшаққа отырған кезде қазақ тілінде сөйлейтін адамдарды көрдім, бір кезде қоңыр домбыраның әуенін естідім. Біз тұратын жерде мұндай көріністі көрмейсің. Мен бұған дейін ешқашан мұндай толқу сезінген емесін», – дейді ол Қазақстанға келгендегі алғашқы сұхбатында.

Спортшы елге оралғаннан кейін таэквондодан мектеп ашып, Республикалық федерацияның негізін қалады. 1992 жылы алғаш рет Қазақстан құрамасын бастап өз шәкірттерімен таэквондодан халықаралық жарысқа қатысады. Бұл бәйгеде Сұлтанмахмұт Шоқпытов және Қайрат Қырғызбаев озып шығып, чемпион атанады. Ал 1993 жылы қазақ елінің федерациясы Халықаралық таэквондо федерациясының мүшелігіне қабылданады.

1995 жылы Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында жарыс тамашалап отырған Мұстафа өзін жайсыз сезініп, бірер уақыттан соң ауруханада қайтыс болады. Мұстафа Өзтүріктің досы Мамет Дамирдің айтуынша, қазақтың біртуар азаматына әлдебір қасқойлер у беріп, қастандық жасаған. Бұл факт әлі күнге дейін дәлелденген жоқ.

Ел тарихында аты алтын әріптермен жазылған спортшы Ыстамбұлдағы Гүнешлі ауданындағы зиратта жерленген.



ЧЕМПИОН БОЛУ – ОҢАЙ, АДАМ БОЛУ – ҚИЫН

Қазақтың абзал перзенттерінің бірі – Мұстафа Өзтүріктің сұхбаттарында айтқан құнды ойларын назарларыңызға ұсынамыз:

- Брюс Лиді білмейтін адам жоқ деп ойлаймын. Онымен бірге жаттығу жасадық. Оның қызметі спортпен ғана шектелген жоқ. Брюс Ли әлем чемпионы да болған жоқ. Бірақ ол еліне қызмет етті. Егер сен еліңе қызмет істей алсаң, онда сен азаматсың.
- Біз тіл білмейміз деп жүрсек, біз өз елімізге келіп Қазақстанда тіл үйренеміз деп жүрсек, осы жердегі қыз-жігіттер тілден айырылып қалыпты. Біз кімнен үйренеміз? Тіл – өте күшті нәрсе. Ел жоғалуы үшін алдымен тіл жоғалуы керек. Одан кейін дінді жоғалту керек. Егер біз ділімізді жоғалтып алсақ, Құдайды танымасақ, мұсылманның шарттарын білмесек, онда әке-шешемізді де, елімізді де сыйламаймыз. Әдеттер жоғалса – ата да жоғалады деген сөз. Сондықтан тіл, дін, әдеттеріміз бір болуы керек.
- Ауылда жүрген кезде балалар жүгіріп келеді де, «мен Мұстафа Өзтүрік» боламын дейді. Мені кішкентай балалар жақсы көреді ғой. Оларға: «Сендер Мұстафа Өзтүрік болмаңдар! Ғалым, жазушы, ақын, педагог болыңдар!» деймін. Мен ең оңай жолды таңдадым. Ашығын айтқанда, менікі қара күш қой.

Чемпион болу – оңай, адам болу – қиын.



КЕРЕК ДЕРЕК:

- Мұстафа Өзтүрік қазақ тілінен бөлек, түрік, неміс, жапон, қытай, корей тілдерін білген.
- Ол – таэквондо спортынан 6 дан дәрежесіне дейін өскен алғашқы қазақ.
- 1994 жылы Мұстафа Өзтүрік ҚР Парламенті депутаттығына өзінің кандидатурасын ұсынды. Алайда, сайлаудан өтпей қалады.
- Мамандығы – журналист.
- Қазақстан бойынша тек Алматы қаласында Мұстафа Өзтүрік көшесі бар.

жерге тимеген қазақ балуанын түрік ағайындар құрметтеп «Өзіміздің Өзтүрік» деп атап кеткен.

Мұстафа алдымен Ыстамбұлдағы орта мектепте білім алып, кейіннен Тайваньдағы эксперименталды университетке және сол

P.S. Мұстафа Өзтүрік – елім деген нағыз ер болды. Ол аз уақыт ішінде тек таэквондо емес, жалпы спорттың қазақ жерінде қарқынды дамуына серпіліс берді. Атамекені үшін аямай тер төкті.

ФУТБОЛ

Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев УЕФА Ұлттар лигасында Беларусь (22 қыркүйек) және Әзербайжан (25 қыркүйек) командаларымен өтетін ойындарға шақырылған футболшылардың тізімін жариялады.

Тізімге 33 ойыншы енді.

Қақпашылар: Игорь Шацкий («Шахтер»), Мұхаммеджан Сейсен («Тараз»), Бекхан Шайзада («Ордабасы»), Данил Устищенко («Кайрат»);

Қорғаушылар: Сергей Малый, Александр Марочкин, Бағдат Қайыров (барлығы – «Тобыл»), Елдос Ахметов

Құрама тізімі жарияланды



(«Тараз»), Михаил Габышев, Талғат Көсепов (екеуі де – «Астана»), Марат Быстров («Ахмат», Ресей), Темірлан Ерланов, Дмитрий Шомко, Әлібек Қасым (барлығы – «Ақтөбе»), Нұралы Әліп («Зенит», Ресей), Ғафуржан Сүйімбаев («Ақсу»);

Жартылай қорғаушылар: Юрий Логвиненко, Рамазан Оразов, Максим Самородов (барлығы – «Ақтөбе»), Асхат Тағыберген, Самат Жарынбетов (екеуі де – «Тобыл»), Аслан Дарабаев, Тимур Досмағамбетов, Исламбек Куат (барлығы – «Астана»), Ян Вороговский («Моленбек», Бельгия), Бактиер Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Эльхан Астанов («Ордабасы»), Әділет Садыбеков («Кайрат»);

Шабуылшылар: Абат Айымбетов («Астана»), Абылайхан Жұмабек («Тараз»), Айбар Жақсылықов («Тобыл»), Артур Шушеначев («Кайрат»), Роман Муртазаев («Шахтер»);

Айта кеткен жөн, оқу-жаттығу жиыны 14 қыркүйек күні Нұр-Сұлтанда басталады.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



МӘСЕЛЕ

Ақ желең киюдін жауапкершілігі зор

Елімізде соңғы 5 жылда медицина саласында мамандардың тапшылығы арта түскен. Әсіресе, халықтығыз орналасқан Алматы қаласында дәрігер мамандар жетіспейді.

Алматының медициналық мекемелерінде гинеколог, педиатр, неонатолог, эндокринолог, кардиолог, анестезиолог, реаниматолог, реабилитолог, жұқпалы аурулар дәрігерлері, онколог, ортопед секілді көптеген дәрігер-мамандар тапшы. Жақсы маманға қаралу үшін ұзақ уақыт кезек күтуге тура келетіні рас.

Мамандардың айтуынша, қазіргі кезде медицина саласын таңдайтын жастар көбінесе офтальмология, медициналық косметология, пластикалық хирургия секілді сұранысқа ие мамандықтарға мойын бұрады.

Мегаполистері осы күрделі мәселені шешу мақсатында Алматы қаласы әкімдігі былтырдан бері резиденттерді тегін оқыту үшін арнайы грант бөліп келеді. Жыл сайын бөлінетін санаулы грант мәселені түбегейлі шешпегенімен, бұл да біраз адамның мамандықты меңгеруіне септігін тигізіп отыр. Әкімдіктің грантын жеңіп алған резиденттер С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде және Қазақ-Ресей медициналық университетінде білім алады. Биыл медицина саласындағы тапшы мамандарды даярлауға жергілікті бюджеттен 1 млрд 355 млн теңге бөлінді. Бүгінде былтыр оқуға түскен резиденттердің 108-і білімін жалғастыруда. Өкінішке орай, 12 резидент оқудан шығып қалған.

Қазақ ұлттық медицина университетінің резидентура сұрақтары бойынша дипломынан кейінгі білім беру факультетінің деканы Абылай Баймахановтың айтуынша, медицина саласын таңдаған әр



адам өзіне жүктелген жауапкершілікті сезінуі керек.

«Біз студент кезімізде Алматыда қалып, жұмыс істеуді армандайтынбыз. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Алматының маңындағы аудандарда бірнеше жыл жұмыс істегеннен кейін ғана қалалық ауруханаларда жұмыс істеуге рұқсат беретін. Қала маңындағы туған-туыстарымызды іздеп, қалалық тіркеуге тұруға тырысып, жұмысқа орналасатын едік. Ал бүгінде Алматы қаласы әкімдігі қалалық бюджеттен қаржы бөліп, болашақ мамандардың үлкен қалада жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызып отыр. Бұл дегеніміз – болашақ дәрігердің өмірі мен еңбегі еліміздің ең әсем, ең ірі қаласымен байланысты деген сөз. Былтыр грант ұтып алса да, оқудан шығып қалған резиденттердің әрқайсысымен жеке-жеке сөйлестім. Олардың

көпшілігі, «бұл мамандық менікі емес екен», «мамандықты қателесіп таңдап-пын» дегенді айтады. Сондықтан дәрігер мамандығын таңдарда жеті рет ойланып, бір шешім қабылдаған дұрыс. Бюджеттен бөлінген грантты обалды қылмай, нағыз білім алуға ынталы жастар оқыса деген тілегім бар», – дейді Абылай Баймаханов.

Медицинаның атасы Гиппократ: «дәрігердің жүзі жылы, ұқыпты, киімі таза, қолдары жұмсақ, жағымды болу керек» деген екен ертеректе. Дәрігерлік тек білім алумен ғана шектелмейді, дәрігер болу өмірлік таңдау! Өз ісіне сенімді, мамандығын дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Адам өз ісінен қуаныш таба білсе, жұмысына деген шабыты мен сүйіспеншілігі зор болады. Ыстық ықылас, шабытпен істелген іс қана жетістікке жетелейді.

БІЛГЕНІЗ ЖӨНІ

Жапондар бір-бірімен қал сұрасқанда, «Ұйқыңыз тыныш па?» деп сұрайды екен. Олардың түсінігінше, адамның ұйқысы дұрыс болса, денсаулығы да, өмірі де қалыпты болады.

Кейінгі кезде көп адам «түнде көз іле алмай жүрмін», «түннің бір уағына дейін ұйықтай алмай жатамын», «күн мен түнді ауыстырдым» деп жатады. Әдетте, қалыпты өмірде адамның ұйқысы 8 сағатқа созылу керектігін білеміз. Мамандардың айтуынша, ұйқының бұзылуы адамды созылмалы ауруға ұшыратады.

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының психосоматика бөлімінің меңгерушісі, психиатр, жоғары санатты психотерапевт Айгүл Сүлейменованың айтуынша, ұйқысыздықтың себебі мен салдары сан алуан.

Медицина тілінде ұйқысыздықты «инсомния» немесе «агриппия» деп айтады. Инсомния – ұйқының дұрыс болмауы. Адам тез ұйықтап қалғанымен, түн ортасында қайта-қайта ояна береді. Ал ұйқысы жақсы қанбаған адам өзін шаршаңқы сезінеді. Агриппияда адамдар ұзақ уақытқа дейін көз іле алмай қиналады. Есесіне, күндіз ұйқы қысады.

Психотерапевтің айтуынша, адам бірнеше сағат тынықпаудың өзінен әлсірейді. Ұзақ уақыт ұйқысы бұзылған адамның біртіндеп мінез-құлқы өзгереді. Тез ашуланып, сөз көтеруден қалады, адамның жаңа мәліметтерді есте сақтау қабілеті баяулайды. Қайталама ұйқысыздық адамның ішкі ресурстарының қажуына, біртіндеп басқа аурулардың асқинуына алып келеді. Кейбір созылмалы ұйқысыздықпен ауыратын адамдарда өкпе немесе жүрек қызметі нашарлайды. Дәрілік препараттарды көп қолдану, темекі, кофеин, ішімдік секілді заттарды қабылдау да инсомния мен агриппияға себеп.

Мамандар артросклероз, асқазан-ішек жолдары, қалқанша безінің ауруында, демікпе, тыныс алу, буын арулары да ұйқының қашуына себеп болатынын айтады.

«Қазір көпшілігінің түнгі ұйқысы қысқа. Кеш ұйықтап, ерте ояну, не болмаса түнгі ұйқысы бірнеше рет бұзылатын адамдар бар. Енді ұйқысыздықтың пайда болуы әсерінен жүйке жүйесі бұзылады дедік. Осы ұйқысыздық созылмалы дертке ұласқанда адамда невроз, психоз, әсіресе, ми тамырларының артросклерозына, ішкі органдар мен эндокриндік бездің сырқаттарына шалдығуы жиілейді», – дейді Айгүл Сүлейменова.

Айгүл Сүлейменованың айтуынша, коронавируспен ауырған адамдардың арасында ұйқысыздыққа шалдығатындар жиілеген.

Ұйқыңыз тыныш па?



КЕРЕК КЕҢЕС

Ұйықтар алдында кітап оқып, жағымды музыка тыңдауды, жылы суға шомылуды, жатар алдын бөлменің ауасын тазартып алуды әдетке айналдыру керек. Ұйықтар алдында дене жаттығуын жасау дұрыс емес. Жатарда тойып тамақ жеп, сусынды көп ішу де ұйқыны бұзады. Ұйықтар кезде жатын бөлмедегі компьютер мен телевизор, ұялы байланыс құралдарын басқа бөлмеге ауыстырып, мүмкін болса жатар алдында телефонды ұстамаған жөн. Күнделікті бір уақытта жатып, бір уақытта тұруды әдетке айналдырып, түнгі уақытта жұмыс істемеу керек. Сондай-ақ, мамандар дәрігердің рұқсатынсыз дәрі қабылдамау керектігін ескертеді.

Вирустың өзі адам ағзасына өте күшті әсер ететін көрінеді. Ұйқы бұзылуынан шаршаған адамдар дер кезінде психотерапевтке қаралып, қажетті дәрі-дәрмегін қабылдаса, психотерапия тәсілдерімен емделу арқылы ұйқысын ретке келтіре алады. Маман әр адам жастайынан ұйқы кестесін жасауға дағдылануы керектігін айтты.

ЗЕРТТЕУ



Өкпе обырынан сақтаныңыз!

Ұлыбританияның Ұлттық денсаулық сақтау қызметі (NHS) өкпе ісігінің белгілеріне қатысты зерттеуін жариялады. Аурудың негізгі белгілері адамның тыныс алу жолдарындағы кінәраттарға байланысты.

Мамандардың айтуынша, өкпе қатерлі ісігі кең тараған рақтың төрт түрінің бірі. Бұл тізімге сүт безі, тоқ ішек және простата обыры кіреді. Созылмалы жөтел мен еңтігуге жеңіл-желпі қарауға болмайды. Сондай-ақ, өкпенің қатерлі ісігінің белгілері төмендегідей болуы мүмкін: тыныс алу жолдарындағы инфекция, қан кету, тыныс алу немесе жөтелу кезінде ауырсыну немесе ыңғайсыздық, үнемі шаршаңқы жүру немесе күш-қуаттың азаюы, тәбеттің жоғалуы және еш себепсіз салмақ жоғалту.

NHS сарапшылары жөтел немесе еңтігу өкпенің қатерлі ісігі бар дегенді білдірмейді деп ескертеді. Дегенмен, мұндай жағдайда дәрігерге қаралуды кешіктірмеу қажет. Тексеріс емдеуді қажет ететін басқа ауруларды да анықтай алады. Өкпенің қатерлі ісігін ерте анықтау өмір сүру мүмкіндігін арттырады.

МАМАН КЕҢЕСІ



«Егіз балалы болғым келеді»

Көп қыз-келіншектер егіз балалы болуды армандайды. Бірақ егізді қалайтындар «тұқымымызда егіз бала туғандар жоқ еді, бізде бола қоймас» деп үміттеніп қоймайды. Егіз, үшемдердің дүниеге келуі генге байланысты ма, жоқ әлде басқа да себептері бар ма?

Алматылық акушер-гинеколог Айнұр Маратқызының айтуынша, егіздердің туылуы тек генге ғана байланысты емес, басқа да себептері бар.

Кейінгі жылдары әлем бойынша егіздер мен үшемдер дүниеге келуі жиілеген. Бұл медициналық тәжірибеге жоғары тиімді репродуктивті технологиялардың кеңінен енгізілуіне байланысты болып отыр. Егіздердің дүниеге келуіне мынандай факторлар да әсер етеді екен:

Тұқым қуалаушылық (егер бұрын ер адам мен әйел адамның әулеттерінде егіздер дүниеге келген болса, онда егіздерге жүктіліктің ықтималдығы артады); 30 жастан асқан әйелдің жүктілігінде егіз бала көтеру ықтималдығы жоғары, гормоналды контрацептивтермен сақтанатын әйелдер препараттарды ішуді бірден тоқтатқанда егіз бала көтеруі мүмкін, бедеулікті емдеуде овуляцияны ынталандыру әдістерін қолдану да егіз баланың дүниеге келуіне себеп бола алады және экстракорпоральды ұрықтандыру әдісі арқылы да егіздер жиі туылады.

Мамандардың айтуынша, осыдан 30 жыл бұрын табиғи жолмен егіздердің дүниеге келуі 100-ден 30 пайызды құраса, қазір жаңа репродуктивті технологиялардың дамуымен 50 пайызға артып отыр.

Бетгі дайындаған Айнұр СЕНБАЕВА.



АТА ДӘСТҮР

**Қазақ халқы
«Малым – жанымның
садағасы, жаным –
арымның садағасы»
дейді. Бұл нақыл сөз
ғасырлар қойнауынан
үзілмей, бүгінге жетті.
Мұның астары, пайым-
парасаты өте тереңде
жатыр.**

Баяғыда үлкен кісілер есті адамдардан тәлім-тәрбие алып қалуға тырысады екен. Содан болар, «үйіңізде қарияңыз болса, жазылып тұрған хатпен тең» деп өсиеттеген көрінеді. Қазақ мемлекетінің тұғыры, егемендігі, айбыны мықты болуы үшін көз-көрген, өмірден түйген-білгені көп адамдардан есті әңгімелер мен дәстүр-салтты біліп қалған жөн деп санаймыз. Осыдан біраз бұрын ұлтымыздың руханияты мен шығармашылығына қалам тербеп жүрген қаламгер Зейнеп АХМЕТОВАМЕН тілдескен болатынбыз. Сол сұхбаттың жалғасын жастар үлгі-өнеге алсын деген мақсатпен ұсынамыз.

ҰЛТТЫҚ ЖАНЫ – АНА ТІЛІ

– Зейнеп апа, адам қай кезде мәңгіртке айналуы мүмкін?

– Дүниеде қандай ұлт болмасын, оның жаны, жүрегі ол – тілі. Оның ұлт болмайды. Мінекей, сондықтан да бұл дүниеден тататын дәмі таусылып, бір ауыз сөзге, тілдесуге дәрмені жетпей, ауру айналдырған адамды «тілден қалды» деп айтады. Енді ол адамның беті бері қарамайды, о дүниеге кететінін бәрі сезеді. Көрдіңіз бе? Мұны текке мысалға келтірмедік. Оның өз мән-мағынасы бар.

Егер бір ұлт тілден қалса не болар еді. Оны ойлаудың өзі қорқынышты. Жаратқан дүние жүзіндегі бірде-бір халыққа мұндай тағдырды жазбай-ақ қойсын дейміз. Алайда, өмір-тіршілікте не кездеспейді дерсіз. Кеңестік кезеңнің қылышынан қан тамып тұрған шақта, 100-ден астам майда ұлт жоқ болып кеткен деседі. Сонда олар түп-тамырымен қырылып қалған жоқ. Бұл арада бір нәрсе ақиқат. Ол дегеніміз – сол ұлттар тілден қалды да, жойылды. Сөйтті де, әлгі жұрттар шөре-шөре болып, өзгелердің арасына сіңіп кетті. Бұдан шығатын қорытынды біреу. Әр ұлттың жаны да, жүрегі де оның ана тілі дегенге саяды. Бүкіл қасиеті, құндылықтары, ұлттық табиғаты мен болмысы – барлығы тіл арқылы көрінеді.

Осы уақытқа дейін тілге байланысты көп шаралар атқарылды. Оның ішінде бөлінген қаражат та аз емес. Ең бастысы, осының бәрінің түбін түгендеп, тілге өзіміз жанашырлық танытпасақ, ешкім сырттан келіп істеп бер-



мейді. Қазақ тілі өз Отанында салтанат құруы керек. Сонда ғана ұлт болып ұйысамыз.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ
ДЕГЕН НЕ?

– Ана тілдің құндылығы, нәрі туралы айтыңызшы?

– Сөзіміз мәндірек әрі дәйекті болмағы үшін әріден тамыр тартайын. Сонау XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласына жер аударылған поляк Адольф Янушкевичтің қазақ балалары туралы айтқан бір ауыз сөзі қатты әсер етті. Ол «қазақтың 4-5 жастағы балалары керемет жатық сөйлейді» дейді. Ал «жеті жастағы балалары ойын орнықты тауып айтады» деп таңқалады. Бұл қазақ үшін таңқаларлық ештеңе жоқ. Олай болатыны, осы кезге дейінгі әңгімелерімде айтатынымын, бесікте жатып ән тыңдады, әлди, бесікте жырын естіді. Содан кейін ата-әжелер бақты. Ертеде ерте үйленгендіктен, жастардың балаларын үлкендер бағып өсірді де, ерте сөйлеп аяқтанған. Бір таңқаларлығы, қаптаған мектебі, бірнеше жүздеген оқу орны болмай-ақ, сол балалар қалай сондай шешен, ойын нық айтып сөйлеген, бәрі-бәрі жұмбақ күйінде қалуда. Ал қазіргі таңдағы бала қаншама ұстаз, мектеп, университет бітірсе де, ойын дәл жеткізуге шорқақ. Сосын «І», «Қ» дегенді тілдері бұралып айта алмайды. Оқығанын мазмұндауға шорқақ. Оның арғы жағында мақал-мәтелдеп, шешен сөйлеуді айтпай-ақ та қойыңыз. Сонда қалай болғаны?!

Бұрынырақта ауыл баласы әрі кетсе молдадан хат таниды. Қазақ

баласының «тіл ұстартуы» айрықша болған. Мұның әдісі ойын арқылы жүзеге асқан. Нақтырақ жеткізгенде, «санамақ», «қуырмаш» сияқты ойын түрлерін қолданған. Бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек деп көрсетіп отырып, бүге бастайды. Қайтадан ашқанда, кішкентайынан бастап кезек-кезегімен сен тұр қойыңа, ешкіне, жылқыңа, сиырыңа бар, ал сен бейбақ үйде қал дейді. Сөйтсе де, алақанды ашып қуыр-қуырмаш деп жалғасын таба берді...

Қарап тұрсаңыз, осының өзінде қаншама сөз ойын арқылы өріледі. Ең соңында қытық-қытық деп қолтықтан қытықтағанда бала күліп, қайтадан қайталағанын қалап тұрады. Мінекей, көрдіңіз бе, ұлттық тәрбие деген сол. Біздің балалар көбіне жанды ойыншықпен ойнаған. Әрине, қыз балалар арасында оқта-текте қолдан қуыршақ жасаған. Оның өзін табиғат арнайы ыңғайлап, болашақ аналық кезеңге даярлап тұрғандай. Сонымен бірге, «тіл ұстартуда» жаңылтпаш айтып жарысқан. Бұл бір жағынан күлкі, айналаға қыран-топан күлкі сыйлайды.

Мысалы:

Шілікті жақтым,
Жілікті астым.
Жілікті астым,
Шілікті жақтым.

Осы жаңылтпашты тез-тез айтқанда, былқы-шылқы болып кетіп, естіп отырғандарды күлдіріп жібереді. Ал балалар болса, дұрыс айтуға, жаңылмауға тырысып, тілді жаттықтыруға дағдыланады.

ЭТНОМӘДЕНИЕТ ПЕН
ЭТНОПЕДАГОГИКА

Балалардың ойлау қабілетін, логикасын дамытатын ол – жұмбақтар. Бұл кәдуілгі өнер болған. Қазақ халық ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы осы жұмбақтар болып келеді. Жәй ғана біреуінің өзінде «жылп-жылп етеді, жылғадан өтеді» деп суды жасырып айтқан. Осылайша жұмбақтарды күрделендіріп отырған. Осылай келе-келе тілін жаттықтырумен бірге ойын жетілдірген. Бұл біздің халықтың өзіндік этномәдениеті әрі этнопедagogикасы дер едік.

– Қаракөздеріміздің бойына ұлттық құндылықтарымызды қалай сіңдіреміз?

– Бабаларымыз сөз құдіретін терең түсінген. Сондай сауатты бабаларымыздың құнсызданған ұрпағы болып барамыз ғой. Екі ауыз сөзді дұрыстап айтпайтын болдық. Аталы сөзді тыңдамайтын, сөзге тоқтамайтын, сабырсыздау, айналасындағы болып жатқан нәрсеге назар аудармайтын дәрежеге жуықтадық. Бұның барлығы ұлттық қадір-қасиетімізден ауытқудың салдары болып табылады. Мәселенің екінші ұшы қазақ тілінің таза сөйленуіне, шеберлігіне аса көңіл бөлмеуден де туындап жатыр. Осының баршасы «Күретапыр» кітабында жазылған. Осы келтірген ойындарды бала күнімізде ойнағанбыз. Ертедегі кісілер қаншама ұғым-түсінікті бір ойынның өне бойына сыйғызып отырған.

Әсіресе, адам бала кездегі ойынын және көрген заттарын ұмытпайды. Кейінгіні ұмытуыңыз мүмкін. Бірақ бар ғой, балалық

шақтағының бәрі тасқа басылған-дай көз алдында қалып қояды. Мен міне, жасым жер ортадан ауса да, бүлдіршін уақытымыздағының баршасы ылғи есіме түседі. Талғат деген ортаншы ағайым тізесіне отырғызып алып, «біреу», «екеу», «үшеу», т.б. деп санап үйрететін. Сөйтіп, қайталап жаттығатынбыз. Осының өзі әрі сан үйрету болса, екінші тараптан сананы кеңейту екен ғой. Біздің балаларымызды шетелдік мультфильмдер мен ғаламтор тәрбиелеуде.

Әрбір ата-ана өзінің баласының қазақ болып қалуы үшін отының басында осыларды істесе болады.

НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ

– Мүшел жас туралы көптеген дәрістеріңізді естіп жүрміз. Кенірек тоқталсаңыз?

– Мүшел жайындағы әңгімені арыдан бастайық. Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз табиғаттың қозғалысын жіті бақылаған. Айта-лық, күн мен түннің алмасуы, айдың жаңаланып келуі, жыл мезгілдерінің қайталанып отыруы, аспан қозғалысы – осындай дүниелерді аңдай жүрді. Өздерінің ой-санаасы жеткенше ұшан-теңіз мағлұмат жинаған. Осылай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қорытындылана келіп, жұлдызды аспанның астрономиялық ғылыми түсінігін, ұғымын қалыптастырыпты. Мінекей, соның нәтижесінде көшпенді халықтың тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру салтына қолайлы хәм ыңғайлы қазақтың байырғы күнтізбесі құралыпты. Күн, ай, жыл санау, жұлдыздардың қозғалысын бақылау арқылы – жайлауға көшу, күйек алу, мал төлдету, шөп шабу, жүн қырку сынды нешетүрлі шаруалардың уақытын, мезгілін дөп тауып отырған екен. Сол секілді, мына кең байтақ далада, таулы аймақтарда, көшіп-қонғанда, жолаушы жүргенде, жоқ қарағанда қараңғы түнде, аспандағы жұлдыздарға қарап, өткел, суат, шыңырау, тау бар, соның баршасын біліпті.

Қазақтың көне күнтізбесінің бірегей көрінісінде – мүшел жыл есебі болып саналады. Мұның ауысу кезеңі – наурызда. Өздеріңіз білесіздер, Наурыз – жыл басы. Осымен байланысты мүшел жыл есебі есептелініп отырады. Біздің жастау күнімізде үлкендер наурызда «жасыңыз құтты болсын, көрген жасыңыздан көрмеген жасыңыз көп болсын» деп тілек айтатын еді. Өйткені, жыл басы болғандықтан, солай санаған. Өкінішке қарай, оны қолданбаймыз. Әлі күнге дейін қаңтарды жыл басы деп сүйретіліп келе жатырмыз. Сонымен, бірінші мүшел 13 жас. Осыған 12 жылдан қосыла береді.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Қызыл
орамалды
шынарым»

Өтетін орны: F.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры, Алматы қ-сы, Абылай хан даңғылы, 38.
Автор: Шыңғыс Айтматов.
Қоюшы-режиссері: Т.Теменов.
Күні мен уақыты: 10 қыркүйек, 18.30.



«ОЙ»

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы, «Көктем-3» шағынауданы, 22/1.
Көрмені ұйымдастырушылар: «Таң-Шолпан» халықаралық тәуелсіз әйелдер суретшілер қоры.
Шара кураторы: Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайының «Қазақстан қолданбалы өнері» бөлімінің басшысы Наталия Баженова.
Күні мен уақыты: 10 тамыз бен 10 қыркүйек аралығы.

«Алатау ФК –
Картоп ФК»

Өтетін орны: Орталық стадион, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 48.
Турнир: Жекеменшік командалар арасындағы шоу-матч.
Билет құны: 500 тт.
Күні мен уақыты: 11 қыркүйек, 20.00.



ҒҰМЫРЫ ҰЗАҚ



Осыны бала күнінде анамнан сұрайтынмын. Ол нәрестенің анасының құрсағында жатқан кездегі, ана жүрегінің астындағы өмір сүрген уағы қосылатынын айта-тын. Алғашқы мүшел адамның аса елеулі, ең керекті белесі деп айтуға болады. Себебі, бала жеткіншек балалықтан шығып, ойы да, бойы да өсіп, ересек шаққа аяқ басқан алғашқы баспалдағы деуге болады. Қазақта «он үште отау иесі» дейді. Бұл тек әйел алушылықты білдірмейді. Ертеде қариялар балаға «Қарағым, мінекей, мүшелге толдың. Ар жақ-бер жағынды ажырататын межеге жеттің, сенімен санасатын, ой бөлісетін санатқа іліндің. Ат жалын тартып мінген азамат болып, өзіңнен кейінгілерге көмек жасайтын, соларды демейтін ағалық жолың басталды» дейді екен. Осындай міндет, парыз жүктейді. Осы жастағылар барлығын өзім білем дейтін, өзімшіл, кез келген нәрсеге еліктегіш, жақсы мен жаманды, адал, арамды ажырата қоймайды. Тентектіктерін ерлікке, есерлігін өжеттікке балап, олай да, бұлай да басы шайқалатын олар кезіне тура келеді. Бұрынғылар бірінші мүшелден қауіп-қатерсіз, аман-есен өткендердің болашағын жақсылыққа болжаған.

«ОН ҮШТЕ ОТАУ ИЕСІ»

Қазіргі жасөспірімдер мен баяғыны салыстыруға болмайды. Бүгінде балалық ұзарып кеткен. Ал ерте кезде әлгіндегідей, 5-6 жаста өз үйінің қозы-лағын баққан. Халқымызда «жетіге келгенше жерден таяқ жейді» деген. Яғни жетіге дейін ғана бала деп есептеген. Ары қарай ересектік, үлкендік өмірге қарай қадам баса бастайды. Ал «он үште отау иесі»

дегені міндетті түрде сол кезде үйлендіріп, әйел алып беру деген сөз емес. Ол дегеніміз, алғашқы мүшелмен байланыстырып, мән-мағынасын тереңдетіп айтылған ой. Бұл – оң-солын танып, үлкен ғұмырдың келесі сатысын басты дегенді аңғартады. Ертедегі балалар тірлікпен, еңбекпен есейген. Дәрігер, психологтардың 12-13 жасты өтпелі деп атауы тегін емес. Қазір балаларға қиындау. Албырт шақтарында, ұрлық-қарлыққа, есті ауыстыратын заттарға, қаңғыбастыққа салынып кетуі дәл осы өтпелі кезеңде болуда. Осы шақта әрбір ата-ана, үлкендер қатты қадағалауы керек. Балаға ұрсып-зекіп немесе шолжандатып емес, баламен дос-сырлас ретінде, сеніммен, өзімен тең көріп отырып тәрбиелеп, он үш жастан мүлдем өткізіп жіберсе, аргы өмірі де нашар болмас. Ал осы уақытта шала басқандар, өмір бақи өксімен өтетінін байқаудамыз.

12-ге толғанда мүшелге кіреді, 13 толған соң мүшелден шығасыз. Сонда 2 жылды абайлаған абзал көрінеді. Бұның тәрбиелік-тағылымдық мәні де зор. Адамның өзі де осы кезеңде өз-өзін бақылайды. Дәлірек жеткізгенде, арамға қол созбауға, ала жіпті аттамауға, мүмкін болғанша сауапты, игілікті істерді істеуге тырысады. Сөйтіп, адамның мінез-құлқы, психологиясының өзі өзгереді. Көрініс бе, мұның сондай да әсері бар екен.

РУХАНИ ТАЗАРУ

Қазақ ұғымында әрбір мүшел жас – қатерлі. Бұл жәй сөз болмай тұр. Осыны көп елемейміз. Ең негізгісі, тылсымға сенбейміз. Көп жағдайларда адам сәтсіздіктерге ұшырап жатады. Сол үшін ата-бабаларымыз әр мүшелге кіргенде құдайы беріпті. Мұның

мәнісі мүшелден аман-есен өту, біліп және білмей істелген күнәларына кешірім сұрау, рухани тазару деген ұғымды білдіреді. Өзінен кеткен кем-кетікті түзеуге тырысады. Жалпы, мүшел әрбір адам үшін қастерлі шақ саналады.

– Осыған қатысты тағы да басқа ырым-тыйым, тәмсіл айтып берсеңіз?

– Кейде таңқаламыз, әрбір 12 жылда адамның ағзасында елеулі өзгерістер болатын сынды. Ғалымдардың осы ашқан жаңалығын біздің сонау бәленбай ғасыр бұрын ғұмыр кешкен бабаларымыз қандай түйсік, қандай зердемен сезінген деп таңырқаймыз. 12 жәй бір сан емес-ті. Қарапайым ауызекі сөйлеудің өзінде «он екіде бір гүлі ашылмаған», «он екі мүшесі» деп айтады. Мұнда үлкен күдірет пен тылсым бар секілді. Мысалға, бір жыл 12 айдан тұрады. Сол әрбір айдың өзіндік атаулары бар. Ертедегі қазақтар әрбір жылдың ерекшелігін, сипатын айтыпты. Мәселенки, сиыр жылы барымта-қарымта, қактығыс көп болады деп болжапты. Сиырлар осы ештеңені елемей, бас-көзге қарамай, үйді де басып, сүзіп кетіп жатады. Бәлкім, соған қатыстырып ырым-тыйым айтқан шығар. Соған қарап сол жылы әртүрлі келеңсіздеу жағдайлар болып қалуы мүмкін деп пайымдапты. Шынында да сондай ахуалдар орын алып жатады. Ұлу жылында жауын-шашын көп болатынын болжапты. Тауық жылы тоқшылыққа балапты. Осылайша әрбіріне сипаттама беріпті.

Ұрпақ ибалы, иманды, инабатты болсын десек, күретамырдан ажырамайық, ағайын!

– Әңгімеңізге үлкен рахмет!

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ТҰЛҒАТАНУ

БАСТЫ МАҚСАТ – ҰЛТТЫҚ ДЫБЫСТАРЫМЫЗДЫ ЖОҒАЛТЫП АЛМАУ

«Ахметтанудың» бастауы – әліпбитану мен әліппетану. Ахмет Байтұрсынұлының «Әліпбиінің» құрылымдық-мазмұндық жүйесіне заманауи көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ, ғұлама бабамыз өз кезінде-ақ көптеген теріс айтылған пікірлерге тойтарыс беріп отырған. Өзінің оппоненттеріне: «Араб әліппесі өз дыбыстарына арнап шығарылған. Олардың дыбыстарының арасында «о», «ы», «э» (п) дыбыстары болмаса, бұл дыбыстарға тура келетін хәріптері де болмасқа керек. Сіз қалай ойлайсыз? Араб әліппесіне тура келетін хәріпті жоқ дыбыстарымызды тіпті жоқ қылу керек пе? Негізнен, ойлаңызшы, тіл хәріп үшін шығарылған нәрсе ме? Болмаса хәріп тіл үшін шығарылған нәрсе ме? Әлбетте, хәріп – тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса, хәріпті жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ хәріпті іздеп табарға керек», – деген ұстанымынан қазақ әліпбиін түзуде біржақты арабишылдықтың байқалмайтынын да анық көреміз. Басты мақсат – қазақ тіліндегі бар ұлттық дыбыстарымызды жоғалтып алмауды ойлау.

Несібелі ҚҰРМАН,
педагогика ғылымының докторы, профессор.

ЗАМАНСӨЗ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ

«Ол жоғары институт бітірмесе де, ғұлама ғалым болды. Бұл атақ оған оңай келмеді. Жатпай-тұрмай ізденістің, көп оқудың арқасында келді. Қысқаша айтқанда. Адам ойланса, тас жарады, тас жармаса, бас жарады» дейді. Ахаңның алдына қойған мақсаты: «Менің арманым – мүмкіншілігінше қазақ халқының дәулеттілігін, мәдениетін жоғары деңгейге көтеру» деген шешім болады. Бұл өзінің жазып кеткен қасиетті сөзі. Өмірінің соңына дейін халқына арнап Қазақ тілінің кітабын жазып, қазақ тілінің негізін қалап, қазақ мектебінің іргетасын тұрғызып алаңшы адам, ол – Ахмет Байтұрсынұлы. Осыны бүгінгі жастарымыз, мектеп оқушылары, тіпті балабақшадағы бүлдіршіндер біліп өссе дейміз. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың тіліне байланысты көп айтқан ғалым. Оған дәлел мына бір қанатты сөзі: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы, ол – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ешуақытта жоғылмайды». Сондықтан да ұлт ұстазының еңбегіне баға берген ғұламалар Ахметті тіл білімінің атасы деп атады.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
ҚР ҰҒА академигі, алаштанушы.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

- «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» («Оқу жайы»).
- «Еңбексіз егін шықпайды, терлесен терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды» («Қазақтың өкпесі»).
- «Жел кемесі болса да от кемеңізді іздеген, атарбасы болса да отарбаны іздеген, енді көк кемесін іздеп жатыр. Осының бәрі де жақсыдан да жақсыны іздеу, таракки жолы» («Шаһзаман мырзаға»).
- «Мал бағатындар мал бағуын жақсы білуге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білуге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білуге керек» («Қазақша оқу жайынан»).
- «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой» («Орысша оқушылар»).
- «Біз мәдениетті, өнерлі болуға талпынсақ, мақсатқа сонда жетеміз, сонда дайын нәрсеге қызығатұн болмай, барды ұқсатып, жоқты табатын боламыз» («Әліппі туралы баяндамасынан»).
- «Тілеусіз, мақсатсыз адам болмаған соң талассыз, тартыссыз да адам жоқ. Әркім әліне қарай таласады, тартысады. Талас, тартыс табиғаттың негізгі заңының бірі» («Әдебиеттанушы»).
- «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» («Қазақша оқу жайынан»).
- «Сауаттану – мылқауға тіл, саңырауға құлақ, соқырға көз бітіргенмен бірдей нәрсе» («Ана тілінің әдісі»).
- «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» («Тіл – құрал»).
- «Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» («Тіл – құрал»).
- «Баланы ұлша тәрбиелесен, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесен, құл болмақшы» («Орысша оқушылар»).
- «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы» («Мектеп керектері»).
- «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» («Оқыту жайынан»).
- «Тәңнің күшті болуы да, елдің күшті болуы да – екеуі де тәрбиенен. Тәрбиесіз тән қандай азса, тәрбиесіз ел де сондай азбақ».

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

Жекпе-жек айтыс



Өтетін орны: «Алатау» дәстүрлі өнер театры.
Күні мен уақыты: 16 қыркүйек, 15.00
Ұйымдастырушылар: Алматы қаласы мәдениет басқармасы мен «Алатау» дәстүрлі өнер театры.
Билет құны: Тегін.



«Salem Almaty»

Өтетін орны: «Алматы Арена» стадионы, «Алғабас-1» шағынауданы.
Шара ұйымдастырушылары: Alma Fest.
Билет құны: 5–12 мың тг.
Күні мен уақыты: 18 қыркүйек, 18.00.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

ДҮЙСЕНБІ
12 ҚЫРКҮЙЕК

Almaty TV АЛМАТЫ

6:00 Алматы кеші
7:00 Қош келдіңіз! №35
8:00 Таңғы студия. Каз/рус
10:00 Алматы со вкусом
10:15 Мультфильм
11:30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
12:30 Almaty, suiem seni
13:00 Үздік әзілдер
14:30 Телехикая. Абысындар 5 серия
15:00 Күндізгі жаңалықтар
15:25 Дневные новости
15:50 Женский кино клуб. Влюбленные женщины 3-4 серия
18:00 Социальное ток-шоу «Шешімі бар»
19:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30 Итоговые новости
20:00 Басты назарда
20:45 Тұсаукесер! Телехикая. Ұлы Селжүктер 5 серия
21:45 Телехикая. «Шабдалы 18» 8-бөлім
22:45 Мужской сериал. Спецы 4 серия
23:45 Шешімі бар
0:45 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1:45 Сәуле-ғұмыр
2:35 Өмір иірімі
3:15 Дала сазы
3:40 Алматинские истории
4:05 Алматинские каникулы
4:20 Алматы тұнған тарих
4:40 Алматы кеші
5:55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00 Өнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен»
7:00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10:00 AQPAPAT
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая. (Түркия, 2013-2016 ж.ж.)
11:00 «Жүректегі күз». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
12:00 ТҰСАУКЕСЕР! «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPAPAT
13:10 «Аяла». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.)
14:10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 AQPAPAT
15:15 «Абайлаңыз, алаяқ!». Арнайы жоба
15:35 «Мерейлі отбасы». Күнделік
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая. (Қазақстан, 2018 ж.)
17:00 AQPAPAT
17:15 «Қызық екен...»
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая. (Түркия, 2013-2016 ж.ж.)
19:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
20:00 AQPAPAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21:30

ХАБАР

05:00 ҚР Өнұраны
05:00 «Кім мықты 2»
06:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
07:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 Тұсаукесер! «Бақыттың кілті»
10:40 Мультсериал. «Мишки – братишки. Снова вместе»
11:00 Тұсаукесер! «Келінжан 4»

12:00 Тұсаукесер! «Көзімді жұмсам да...»
14:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
15:00 Мегахит. «Никогда не сдавайся 3»
17:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18:00 Новости. Итоги дня
19:00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің мақсат
20:00 Тұсаукесер! «Келінжан 4»
21:00 Тұсаукесер! «Көзімді жұмсам да...»
23:00 Телесериал. «Капитанша»
01:00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05:58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06:00 Әзіл студия
06:30 Ризамын
07:00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 «Ханшайым» үнді сериалы
10:00 Мультсериал «Три кота»
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:00 Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
11:30 Т/сериал «СеняФедя» КИНО. «Осторожно, королева!»
12:30 КИНО. «Осторожно, королева!»
15:20 КИНО. Фрэнки Муниз в комедийном боевике «Агент Коди Бэнкс»
17:30 КИНО. Уилл Смит в фантастическом боевике «Я, робот» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 КИНО. Руперт Френд в боевике «Хитмэн: Агент 47»
00:00 «Ханшайым» үнді сериалы (қайталау)
01:00 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:30 Сериал «Базарбаевтар»
03:10 Әзіл студия
03:40 1001 Әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 Татьяна Арнтгольц, Светлана Иванова, Антон Хабаров, Сергей Угрюмов, Вера Алентова, Михаил Жигалов в многосерийном фильме «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 Кирилл Жандаров, Валерия Ходос в многосерийном фильме «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Премьера. Антон Васильев, Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА»
1:05 Ночной кинотеатр. «ЗОЛОТАЯ ОРДА»
2:00 «ХИРОМАНТ». Многосерийный фильм

2:55 «НОВОСТИ»
3:05 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:15 «KÖREMİZ» бағдарламасы
4:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:25 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 5:10



7-КАНАЛ

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Пәленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
10:00 Х/с «Гром среди ясного неба»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
13:40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
14:10 Т/с «Маэстро»
15:30 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Обычная женщина»
17:20 Х/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/с «Гром среди ясного неба»
22:00 Т/с «Маэстро»
23:20 Т/х «Отыңды өшірме»
00:20 Х/с «Обычная женщина»
01:20 Т/с «Гадалка»
02:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03:00 Jaidarman
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07:00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», қытай телехикаясы
09:00 «ИСПЫТАНИЕ-2», мелодрама (худ.сериал)
11:00 «КҮШІК ҚҰДА-КВАРТИРАНТЫ», комедия (повтор)
13:00 «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2», мелодрама (худ.сериал)
16:00 «ӨКІНІШ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17:30 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША», түрік-өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «КЛЯТВА ВРАЧА», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23:50 «МЕТОД МИХАЙЛОВА», остросюжетная драма. Премьера! (худ.сериал)
01:50 «В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
02:30 «ӨКІНІШ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03:45 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
04:30-05:00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07:00 Өнұран
07:05 ФУТЗАЛ. Чемпионат Европы. U-19. Финал
08:45 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
09:40 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Ерлер). 1/2 финал
11:40 «АЛАМАН». 1 бағдарлама
12:05 ФУТЗАЛ. Қазақстан Кубогы. «Бәйтерек» - «Ақтөбе»

13:45 «QAZAQ STYLE». 1 бөлім
14:20 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ». 2 сезон. 3 выпуск
14:45 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Ерлер). 3 орын үшін матч
16:45 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
17:10 «Қайрат капитан». Қ.Нұрдаулетов. Деректі фильм
17:40 MMA «OCTAGON 28» 1-бөлім
20:10 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
20:45 Күрес түрлерінен Әлем Чемпионаты. Грек-рим күресі – 60 кг, 63 кг, 67кг, 82 кг, 97 кг, 130 кг. Әйелдер күресі – 55 кг, 62 кг. Тікелей эфир
01:00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
01:25 Өнұран

balapan BALAPAN

7:00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7:05 Анимация: отандық / «Еркетай»
7:15 Анимация: отандық / «Сәби»
7:45 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
8:10 «Супер әке» Мультхикая.
8:40 Анимация: отандық / «Алан мен Қозықа»
9:00 «Хайди» Мультхикая.
9:25 Анимация: отандық / «Қызықты энциклопедия»
9:55 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
10:10 «Еңбек-ермек» танымдық бағдарлама
10:20 Анимация: отандық / «Ағаш ат»
10:25 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
10:50 «Адал достар» Мультхикая.
11:05 Тұсаукесер! «Құмбір live» танымдық бағдарлама.
11:15 «Горм сақшылары» Мультхикая.
11:40 Анимация: отандық / «Бетперделі батыр»
12:00 «Үкілі әуен» телехикая.
12:40 Анимация: отандық / «Глобус»
12:45 «Смайтиктер» Мультхикая.
13:00 Анимация: отандық / «Суперкөлік Самұрық»
13:35 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
14:00 Анимация: отандық / «Алпамыс»
14:15 «Бал балалары» ситком.
14:40 Анимация: отандық / «Бабалар ізі»
14:50 Анимация: отандық / «Сәби»
15:25 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
15:40 «Шебер Мэнни» Мультхикая.
16:05 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
16:30 Анимация: отандық / «Алан мен Қозықа»
17:05 «Супер әке» Мультхикая.
17:30 Анимация: отандық / «Сиқырлы тас»
17:50 Анимация: отандық / «Қызықты энциклопедия»
18:25 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
18:50 «Маймылдар мекені»

Мультхикая.
19:15 «Адал достар» Мультхикая.
19:30 Анимация: отандық / «Бабалар ізі»
19:40 «Расулдың хикаялары» ситком
20:00 «Хайди» Мультхикая.
20:30 «Шебер Мэнни» Мультхикая.
20:55 Анимация: отандық / «Суперкөлік Самұрық»
21:35 «Смайтиктер» Мультхикая.
21:55 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22:25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22:40 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
23:05 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
23:30 «Бал балалары» ситком.
23:55 «Бесік жыры» - Өнұран
0:00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
08:45 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
12:00 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
13:40 «Замуж в 30» Х/ф
16:00 «Мәриям» телехикаясы
17:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
17:40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19:15 «Күлпәштің хикаялары» телехикаясы
20:00 «Astana times»
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21:55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23:50 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
01:40 «Астана кеші көңілді»
02:45 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы

TALIM TV TALIMTV

07:05 Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
07:40 Syrym story
08:10 Қазақ спорты
09:00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
10:00 Саулықтың сыры
10:10 Қалақай
10:30 Денсаулық сыры
10:50 Ем болсын
11:00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12:00 Ұлт саулығы
12:20 Фибратты ғұмырлар
13:10 Саулықтың сыры
13:20 Абайдың жолы
14:10 Talim Speakers
14:50 Саулықтың сыры
15:00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16:00 «Үлкен үй-2» – телехикая
17:00 Dara til
17:20 Оңline
17:40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18:00 Емен-жарқын
18:50 Денсаулық сыры
19:00 Өнер қырандары
19:35 По душам
19:50 Ұлт саулығы
20:00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21:10 «Үлкен үй-3» – телехикая
22:00 Руханият
22:30 Менің Анам Әкем
23:00 Рухани байлық
23:30 Проза параграфы

СЕЙСЕНЫ
13 ҚЫРКҮЙЕК

Almaty TV АЛМАТЫ

6:00 Қорытынды жаңалықтар/
Итоговые новости
7:00 Қош келдіңіз! №36
8:00 Таңғы студио. Каз/рус
10:00 Алматы со вкусом
10:15 Мультфильм
11:30 Мультфильм. Татонка,
Джеки Чан, Аспаз бен
қой
13:00 Үздік әзілдер
14:30 Телехикая. Абысындар
6 серия
15:00 Күндізгі жаңалықтар
15:25 Дневные новости
15:50 Женский кино клуб.
Влюбленные женщины
5-6 серия
18:00 Социальное ток-шоу
«Шешімі бар»
19:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30 Итоговые новости
20:00 Басты назарда
20:45 Тұсаукесер! Телехикая.
Ұлы Селжүктер 6 серия
Телехикая. «Шабдалы
18» 9-бөлім
22:45 Мужской сериал. Спецы
5 серия
23:45 Шешімі бар
0:45 Қорытынды жаңалықтар/
Итоговые новости
1:45 Сәуле-ғұмыр
2:35 Өмір иірімі
3:15 Дала сазы
3:40 Алматинские истории
4:05 Алматинские каникулы
4:20 Алматы тұнған тарих
4:40 Алматы кеші
5:55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00 Өнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPAPAT
7:00 «TANSHOLPAN». Таңғы
ақпаратты-сазды
бағдарлама.
Тікелей эфир
10:00 AQPAPAT
10:10 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая. (Түркия,
2013-2016 ж.ж.)
11:00 «Жүректегі күз».
Телехикая. (Түркия,
2019-2021 ж.ж.)
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ».
Тікелей эфир
13:00 AQPAPAT
13:10 «Бақыттың кілті».
Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы,
2022 ж.)
14:10 «Қызық екен...»
15:00 AQPAPAT
15:15 «Әйел әлемі»
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ».
Телехикая. (Қазақстан,
2018 ж.)
17:00 AQPAPAT
17:15 «Қызық екен...»
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая. (Түркия,
2013-2016 ж.ж.)
19:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая. (Түркия,
2019-2021 ж.ж.)
20:00 AQPAPAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
Қоғамдық-саяси ток-
шоу. Тікелей эфир.
21:30 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ».
Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы,
2022 ж.)
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ».
Телехикая. (Түркия,
2021 ж.) (субтитрмен)
23:20 «1001 ТҮН». Қоғамдық
бағдарлама. Тікелей
эфир
0:40 «Мерейлі отбасы».
Күнделік
0:50 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасы.
Топтық кезең.
«БАВАРИЯ» (Германия)
- «БАРСЕЛОНА»
(Испания). Тікелей
трансляция
3:00 «Сана». Ток-шоу.
4:00 AQPAPAT
4:35 Өнұран



ХАБАР

05:00 ҚР Өнұраны
05:00 «Кім мықты 2»
06:00 Телевикторина. «Бегом
за деньгами»
07:00 Тұсаукесер! Тікелей
эфирде «Оян!»
10:00 Тұсаукесер! «Уәде»
10:35 Мультсериал. «Мишки
– братишки. Снова
вместе»
11:00 Тұсаукесер! «Келінжан 4»
12:00 Тұсаукесер! «Көзімді
жұмсам да...»
14:00 Тұсаукесер! Тікелей
эфирде «АйнаLine»
15:00 Телесериал.
«Капитанша»
17:00 Телевикторина. «Бегом
за деньгами»
18:00 Новости. Итоги дня
19:00 Қорытынды жаңалықтар.
Біздің мақсат
20:00 Тұсаукесер! «Келінжан 4»
21:00 Тұсаукесер! «Көзімді
жұмсам да...»
23:00 Телесериал.
«Капитанша»
01:00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05:58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06:00 Информбюро (повтор)
07:00 Утренняя программа
«Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 «Ханшайым» үнді сериалы
10:00 Мультсериал «Три кота»
10:30 Мультсериал «Маша и
медведь»
11:40 Т/сериал «СеняФедя»
(повтор)
12:40 Т/сериал «СеняФедя»
13:40 КИНО. Фрэнки Муниз в
комедийном боевике
«Агент Коды Бэнкс»
(повтор)
15:50 КИНО. Фрэнки Муниз в
комедийном боевике
«Агент Коды Бэнкс 2»
18:00 КИНО. Руперт Френд в
боевике «Хитмэн: Агент
47» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік
телехикаясы
21:55 КИНО. Пол Уокер,
Джессика Альба
в боевике «Добро
пожаловать в рай»
00:30 «Ханшайым» үнді сериалы
(қайталау)
01:20 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:30 Сериал «Базарбаевтар»
03:10 Әзіл студио
03:40 1001 Әзіл
04:00 BALA BATTLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6:00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,
ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО,
КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 Татьяна Арнтгольц,
Светлана Иванова,
Антон Хабаров, Сергей
Угрюмов, Вера Алентова,
Михаил Жигалов
в многосерийном
фильме «И ВСЕ-ТАКИ Я
ЛЮБЛЮ...»
13:00 Кирилл Жандаров,
Валерия Ходос в
многосерийном фильме
«ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Премьера. Антон
Васильев, Дмитрий
Паламарчук в
многосерийном фильме
«НЕВСКИЙ. ОХОТА НА
АРХИТЕКТОРА»

1:05 Ночной кинотеатр.
«ЗОЛОТАЯ ОРДА»
2:00 «ХИРОМАНТ».
Многосерийный фильм
2:55 «НОВОСТИ»
3:05 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:15 «KÖREMİZ» бағдарламасы
4:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:25 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 5:10



7-КАНАЛ

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал
махаббат»
08:00 Т/х «Пәленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
10:00 Х/с «Гром среди ясного
неба»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
